



«БЕКІТЕМІН»
«Павлодар қаласы «Жас дарын»
мамандандырылған мектебінің
директоры — Г.С. Жанғазы
«26» маусым 2020ж.

**«Павлодар қаласы «Жас дарын»
мамандандырылған мектебі» ММ
2020 -2021 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№1 хаттама 2020 ж.
мектептің педагогикалық
кеңесінде талқыланды

Павлодар қаласы, 2020 жыл

Ақпараттық анықтама

Мектеп директоры:

Жанғазы Гүлнар Садыққызы
Білімі: жоғары, Семей МУ
Мамандығы: орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі
Пед.өтілі: 27 жыл
Санаты: педагог – зерттеуші, 2020 жыл

Мектеп директорының
оқу-тәрбие жөніндегі
орынбасары:

Альменова Жұлдыз Кантаевна
Білімі: жоғары, Павлодар МУ
Мамандығы: математика мұғалімі
Пед.өтілі: 14 жыл
Санаты: педагог-зерттеуші, 2018 жыл

Мектеп директорының
инновация жөніндегі
орынбасары:

Кайдарова Лаура Сартаевна
Мамандығы: география мұғалімі
Пед.өтілі: 17 жыл
Санаты: педагог-шебер, 2018 жыл

Мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары:

Сеитова Нургуль Сейтхановна
Білімі: жоғары, Павлодар ИнЕУ
Мамандығы: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Пед.өтілі: 12 жыл
Санаты: педагог-сарапшы, 2017

Мектеп директорының
ғылыми –әдістемелік
жөніндегі орынбасарлары:

Қалым Гүльжазира Муратбековна
Білімі жоғары, Қарағанды МУ
Мамандығы: химия пәнінің мұғалімі
Пед өтілі: 30 жыл
Санаты: педагог-зерттеуші, 2018

Шаймерденова Алия Турсуновна
Білімі жоғары, ПМПИ
Мамандығы: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Пед.өтілі: 27 жыл
Санаты: педагог – зерттеуші, 2020 жыл

Психолог:

Асаинова Жұлдуз Сериковна

Медбике:

Кошкеева Гүльнара Тулешовна

Аға вожатый

Гарифуллина Сая Габиденқызы

Мұғалімдердің саны:

47

Жоғары санатты:

1 (2%)

Бірінші санатты:

1 (2%)

Екінші санатты:

1 (2%)

Санаты жоқ:

6 (13)%

Педагог-шебер:

11 (23,4%)

Педагог-зерттеуші:

21 (45%)

Педагог-сарапшы:

2 (4%)

Педагог-модератор:

4 (8,5%)

Оқушылар саны:

389

Орта буында:

309

Жоғары буында:

80

Жақсы оқитындар:

225 (58%)

Өте жақсы оқитындар:

137(35,2%)

Материалдық-техникалық база

1. Жалпы кабинеттер саны 21
Оның ішінде: арнайы - 3
шеберхана 2
компьютерлік сынып -2
2. техникалық құралдармен қамтылған кабинеттер:
-теледидар - 3
- музыкалық аппаратура -1
3. Кәсіби құралдардың еңбек құралдары:
 - Мед.кабинет 1
4. Әскери-спорттық комплекс:
 - Спорт зал 1
 - Әдістемелік кабинет 1
 - АӘДТ кабинеті 1
 - Спорт алаңы 1
 - Ойын алаңы 1
5. Мәжіліс залы 1
7. 75 орынды асхана
8. Оқу залы бар кітапхана

Тақырып : «Білім беруді тұрақты дамыту жағдайында мамандандырылған мектептің бірыңғай білім беру кеңістігі мазмұнын жаңарту» (2019-2022)

Мақсаты : Жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалаулары мен қоғам талабына сай, өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойында жинақтаған, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру

2019-2020 оқу жылындағы оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысына педагогикалық талдау

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ғылым мен білім қызметкерлері жиынында: «Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін сіздер, ендеше өздеріңіз ізденістен, ілгерілеуден жалықпаңыздар. Ең бастысы, рухани тоқыраудан сақтаныңыздар. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі – кейінгі толқын жастар» деген аманат-пікір мұғалімдер қауымдастығына үлкен жауапкершілікті түйіндей түскен жағдайы бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа кезекті «.....» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатында мектеп ұжымы 2019-2020 оқу жылында «**Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту - тұлғалық даму факторы және білім сапасын арттыру негізі**» тақырыбында жұмыс атқарып, оқу-тәрбие үрдісіне талдау жасау негізінде **2020-2021** оқу жылына төмендегідей білімділік және тәрбиелік міндеттерді анықтады:

- Әр істе Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын негізге алу, Елбасының Қазақстан халқына жолдаған жолдауын, «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасын іс-жүзіне асыру;
- Оқушылардың денсаулығына, жан саулығына зиян келтірмейтін білім мен тәрбие беру қызметінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мектеп мүмкіндігін пайдалану арқылы денсаулықты сақтау білім кеңістігін құру;
- Мектепшілік мониторингті (оқушы мен мұғалім) жетілдіру және мұғалім іс -әрекетінің нәтижесін жүйелі бағалау рейтингісін басшылыққа алу;
- Көп тілдік бағытты ұстана отырып, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағытын ұстану;
- Жеке тұлғаны бағыттауға арнаулы курстар тиімділігін жүйелеу;

- Интерактивті құралдарды мектеп ұжымының толық игеруіне және тиімді пайдалануына қол жеткізу және мектепшілік жекелей іс-шаралар түрлеріне байқау- сынақ жүргізе отырып, білім мазмұнындағы үдерістерді жаңарту;
- Оқу-тәрбие үдерісін ақпараттандыруды орталықтандыру;
- Мектеп мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігі мен әдістемелік шеберліктерін жетілдіру;
- Мұғалімнің өз кәсіптік деңгейін көтеруге ынталандыру (аттестация арқылы);
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі психологиялық қызметтің ролін кеңейту, күшейту;
- Балалардың соңғы нәтижеге қол жеткізу мақсатында ата-ана ролін көтеру;
- Білім беруді дамытудың **2020-2025** жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін мектеп білім жүйесінде материалдық- техникалық базаны нығайту.

2019-2020 оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің іске асу жоспары педагогикалық кеңестің шешімі бойынша мына тарауларды қамтыды

жалпыға бірдей білім беру заңын орындау, мектептің материалдық базасын нығайту;

- ата-анамен жұмыс, пән бойынша сыныптан тыс жұмыс;
- педагог мамандармен ұйымдастырылатын әдістемелік жұмыстар;
- мемлекеттік бағдарламаны орындауды жүйелі бағалау, басқару;
- мектеп директоры жанындағы кеңес сұрақтары;
- директордың орынбасары жанындағы кеңес тақырыптары.

Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебінің 2019-2020 оқу жылына оқу жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2018 жылғы 4 қыркүйек №441 бұйрығына, 11-сыныпта 2013 жылғы 7 қарашадағы № 450 бұйрығына сәйкес оқу жоспары негізінде, «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 19.07.2013 жылғы №289 бұйрығына сәйкес құрылды. Типтік оқу жоспарының құрылымында белгіленген инварианттық оқу жүктемесі барлық сыныптарда сақталды.

Вариативтік оқу жүктемесі жеке тұлғаның өз талабына сай білім алу сұранысымен мүдделігі мен қабілетіне орай қосымша оқу курстарын енгізуімен бейімдік пәндерді кеңейте оқытуға, даралап және саралап, бағытты-бағдарлай оқытуға арналды.

Бейімдік пәндер **вариативтік** оқу жүктемесі арқылы беріледі.

Вариативтілік бөліктен берілген сағаттардың негізгі мақсаты-оқушылардың жекелеген пәндерден жоғарғы дәрежедегі білім алу, мектептің алған бағытында және бағдарлы пәндерден білім беру стратегиясы мазмұнын байыту және интенсификациялау негізінде қосымша курстар оқыту, даралап және саралап оқыту негізінде ғылыми-зерттеушілікке және шығармашылық, өздігімен жұмыс істеуге машықтандыруды қалыптастыру және дамыту, оқушыларды жекелеп оқыту бағдарламасын құру. Бейімдік пәндерді кіріктірілген курстар арқылы беру принципі қарастырылған. Орта буындағы сыныптарда оза оқыту технологиясы арқылы «Бастапқы химиялық ұғымдар», «Қолданбалы физика», «Логикалық есептер» факультатив сабақтары кіріктірілді. Жоғары сыныптарда: «Программалау тілі», «Қиын есептерді шығару жолдары (физика)», «Механикадан есеп шығару», «Қолданбалы физика, «Химиядан әртүрлі типтегі есептерді шығару практикасы», «Бастапқы химиялық ұғымдар», «Тарихи деректер, «Анатомия», Шетел тілі (француз), «Шетел тілі (ағылшын тілі)», «Риторика», «Стилистика», «Қазақ тілі грамматикасының практикумы», «Әдебиет теориясы», «Жас эколог», «Матанализдің қосымша тараулары», «Сандар теориясы», «Стреометрияның қосымшалары», «Қызықты география», «Дінтану», «Абайтану», «Мәдениеттану» «Картография», «Вокал» үйірмесі, «Робот техникасы», «Ұлағат» би үйірмесі.

Вариативтік компонент арқылы факультативтік, элективтік курстар ұйымдастырылып, оқушыларды жан-жақты дамуына, керемет нәтижелер көрсетуіне себептерін тигізді.

5-8 сыныптарының жаратылыстану - математикалық бағыты бойынша инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент математика, жаратылыстану, физика, информатика, химия, биология, география пәндеріне, ал **қоғамдық-гуманитарлық бағыты** бойынша қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, ағылшын тілі пәндерін тереңдетіп және кеңейтіп оқытуға берілді. Вариативтік компонент есебінен ЖМБ таңдау бойынша және элективті курс есебінен «Программалау тілдері», «Қолданбалы физика», «Бастапқы химиялық ұғымдар», «Анатомия» пәндерінен сағаттар берілді. ҚГБ таңдау бойынша және элективті курс есебінен «Әдебиет теориясы», «Тарихи деректер», «Ағылшын тілі», «Француз тілі» берілді.

Мектеп сыныптар комплектісі бойынша таңдау мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, оқушыларға арналған оқу жоспары екі бағытта: жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық пәндерді тереңдетіп және кеңейтіп оқыды.

ЖМБ математика пәнін тереңдетіп оқыту сағаттары 5м, 5д, 6м, 6д, 7м, 8м, 9д, 9м, 10м, 11м сыныптарында оқытылды. Осы сыныптардағы физика, химия пәндері вариативтік бөліктен кеңейтіліп оқытылды.

ҚГБ 6г, 8г сыныптарында қазақ тілі, 5г, 7г, 9г, 11г сыныптарында ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылды. Ал осы сыныптардағы қазақ тілі, Қазақстан тарихы, ағылшын тілі пәндері кеңейтіліп оқытылды.

Жоғары сатының негізгі мақсаты-оқушылардың жекелеген пәндерден жоғарғы дәрежедегі білім алуы, мектептің алған бағытында және бағдарлы пәндерден білім беру стратегиясы мазмұнын байыту және интенсификациялау негізінде қосымша курстар оқыту, даралап және саралап оқыту негізінде ғылыми-зерттеушілікке және шығармашылық, өздігімен жұмыс істеуге машықтандыруды қалыптастыру және дамыту, оқушыларды жекелеп оқыту бағдарламасын құру. Бейімдік пәндерді кіріктірілген курстар арқылы беру принципі қарастырылған.

Жоғары сатыда бейімдік пәндер вариативтік оқу жүктемесі арқылы берілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары негізінде жеке тұлғаға бағытталған компоненттен келесі пәндер мен курстар енгізілді:

- «Дінтану негіздері» (негіз 02.09.09. № 02-2/1895)

- Абайтану (негіз 03.04.2013 №115 бұйрық);

Бағдарлы пәндерден оқушылардың тереңдете білім алуы үшін бейімдік атына сәйкес «Жеке тұлғаны бағыттау компоненті» блоктарындағы көрсетілген оқу сағаттары гуманитарлық бағыттағы 11 сыныпта қазақ тілі грамматикасының практикумы, әдебиет теориясы пәндеріне, ал математика-жаратылыстану бағытындағы сыныптарда сандар теориясы, матанализдің қосымша тараулары, «Қиын есептерді шығару жолдары» (физика) пәніне берілді. Типтік оқу жоспары дарынды баланы дамытуды мақсат етеді, оқушылардың әр қырлы білім алу қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. «Шығармашылық және зерттеу әрекетінің негізі бойынша сабақтан тыс жұмыстарға бөлінген 0,25 жүктемесі «Жас дарын» олимпиадалық резерв мектебі, «Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамы, «Жас эколог» үйірмесі, «Ұлағат» би үйірмесі, «Стилистика», «Мәдениеттану», Робот техникасы, «Вокал» үйірмелеріне берілді. Көптілдік білім беру бағытындағы эксперимент ҚР Білім және ғылым министрлігінің №387 бұйрығы мен Павлодар облысының білім беру Департаментінің №105/353 бұйрығы негізінде жүргізіледі: биология (9м), физика (8м) ағылшын тілінде оқытылды.

5-7 сыныптарға арналған «Өлкетану» пәнінің мазмұны 5 сыныпта жылдық оқу жүктемесі – 5 сағат, 6-сыныпта жылдық оқу жүктемесі-7сағат, 7-сыныпта жылдық оқу жүктемесі -8сағат көлемінде Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, география, музыка пәндерімен кіріктіріліп оқытылады.

1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен келісім шарт негізінде курстар жүргізілді.

Бала дарындылығын дамыту, оқушылардың ғылыми-ізденіс дағдыларын арттыру және жоғары оқу орындарындағы оқуға үйрету мақсатында мектепте «Жас ғалым» атты оқушылардың

ғылыми қоғамы жұмыс істеді. Оқушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі 5-сыныпта 37 сағаттан, 6-сыныпта 38 сағаттан, 7-сыныпта 39 сағаттан, 8- сыныпта 40 сағаттан, 9-сыныпта 42 сағаттан, 10 – сыныпта 43 сағаттан, 11 сыныптарда 39 сағаттан аспайды.

Оқушылардың жүктемесін шектен асырмау мақсатында оқу жоспарының вариативтік бөлігі жұмыс күнінің екінші жартысында өткізілді.

Оқушылар контингентінің мінездемесі:

Оқу жылын 389 оқушы аяқтады. Олардың ішінде 5- 9 сыныптарда – 309, 10-11 сыныпта - 80 оқушы.

Жеке оқытылатын (үйде оқытылатын) – жоқ. Жетім бала – *адам

Аз қамтылған отбасынан – * адам

Көп балалы отбасынан – * адам.

Оқушылардың мектептегі қозғалысы құрылымын зерттеп, 4 жыл бойы жағдайды талдап, өткен жылдармен салыстырғанда биылғы оқу жылында бала санының өсуін байқауға болады.

Білім сапасының талдауы

Жылдық қорытындыларының нәтижесінде мектеп бойынша оқушылардың білім сапасы төмендегідей:

Оқу жылы	Барл оқуш	Оқу жылын аяқтады:						Білім сапасы
		«үздік»		«жақсы»		«қанағаттан арлық»		
2016-2017	364	115	32%	218	60%	30	0,8%	92%
2017-2018	352	115	32,6%	215	61%	22	0,6%	94%
2018-2019	375	113	30,1%	229	61%	33	0,8%	91%
2019-2020	389	137	35,2%	225	58%	27	0,7%	93%

Кестеде көрсетілгендей, былтырғы оқу жылымен салыстырғанда сапа 2 пайызға, озат оқушылар саны 5 пайызға өскен, жақсы оқитын оқушылар саны 3 пайызға, нашар оқитын оқушылардың саны 1 пайызға төмендеген.

Әр сыныптағы білім сапасы төмендегідей:

сынып	барлығы	озат	екпінді	орташа	Білім сапасы
5 М	26	12	14	0	100%
5 Г	26	3	16	7	73%
5 Д	26	9	12	5	81%
6 М	26	7	17	2	92%
6 Г	22	7	15		100%
6 д	22	4	14	4	82%
7 М	23	4	19	0	100%
7 Г	24	9	13	2	92%

8 М	28	11	16	1	96%
8 Г	24	4	20	0	100%
9 М	20	7	13		100%
9 Г	20	5	15		100%
9 д	22	12	10		100%
10 М	21	8	9	4	81%
10 Г	17	10	6	1	94%
11 М	20	14	7	0	100%
11 Г	22	11	9	1	95%
Жалпы	389	137	225	27	93%

Сыныптардағы білім сапасына тоқталатын болсақ, өздерінің алған ББД жоғары деңгейде көрсетіп 100 пайыз білім сапасын көрсеткен сыныптар: 5м, 6г, 7м, 8г, 9м, 9г, 9д, 11м.

Пән бойынша былтырғы оқу жылының соңындағы нәтижемен салыстыру кестесі

Оқу жылы	Қаз.т	Қаз әд	Орыс т	тарих	матем	Физика	химия	геог	биол	геом	ағылш
2018	97	98	99	100	95	98	100	100	99	94	99
2019	93	94	99	99	96	98	99	99	98	94	98
2020	97	95	100	99	99	98	100	100	99	99	99
өзгеріс	+4	+1	+1		+3		+1	+1	+1	+5	+1

Кестеден байқалғандай, барлық пән бойынша білім сапасы өскені көрініп тұр.

Қорытынды аттестаттау нәтижесі

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 149 бұйрығы негізінде оқушылардың жылдық бағасы бойынша аттестатталды.

Қорытынды аттестаттау – 42 оқушы жалпы орта білімді аяқтау аттестатын алды. 10 оқушы «Алтын белгі» (11м сыныбынан 6 оқушы, 11г сыныбынан 4 оқушы), 9 оқушы «Қызыл аттестат» (11м сыныбынан 5 оқушы, 11г сыныбынан 4 оқушы) иегерлері.

Негізгі мектепті 62 оқушы бітірді. Барлық оқушылар негізгі мектепті бітіру аттестатын алды. Солардың ішінде 24 оқушы (9м сыныбынан 87 оқушы, 9г сыныбынан – 5 оқушы, 9д сыныбынан -12 оқушы) «Үздік аттестат» алды.


Тереңдетіле оқытылатын сыныптар туралы мәлімет

Мектептің инновациялық даму Стратегиясы негізінен интеллектуалдық ресурстармен тығыз байланысты. Жоғары деңгейлі білімге деген қажеттіліктің өсуі мектеп үшін өте маңызды. Математиканы тереңдетіп оқитын сыныптар: 5м, 5д, 6м, 6д, 7м, 8м, 9м, 9д, 10м, 11м. Қазақ тілі 6г, 8г сыныптарында, ағылшын тілі 5г, 7г, 9г, 11г сыныптарында тереңдетіліп оқытылды.


Химия, физика пәндері ЖМБ оза интенсивті түрде оқытылды. Екінші шетел тілі француз тілі (7г, 8г, 9г) сыныптарында оқытылды. Жаңа оқу жылынан бастап физика пәні 9м сыныбында, биология пәні 10м сыныбында, информатика 8м сыныбында ағылшын тілінде оқытылды. Мектепте шетел тілі меңгерудің жалпыеуропалық деңгейіне сәйкес оқытылады. Бұл жаңа жүйенің енгізілуінің ерекшелігі- оқытудың соңғы нәтижесіне бағытталғандығында, яғни, белгілі бір оқыту деңгейіне мақсатталып, нәтижеге жету. Әр пән мұғалімі жоғары санатты, В2 сертификат иегері.

Оқу жылының соңындағы білім сапасының нәтижесі тереңдетілген пәндер бойынша төмендегідей:


Қазақ тілі



Математика пәні



Ағылшын тілі пәні



Тереңдетіп оқытылатын сыныптардағы білім сапасы тұрақты екендігін көруге болады.

Жаппай оқумен қамту

ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабы 2-тармағын іске асыру, білім беру басқармасының 2018 жылғы 28 тамыздағы «2019-2020 оқу жылында балалар және жасөспірімдерді оқумен қамту бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар туралы» №112/362 бұйрығы негізінде оқу жылының басында жаппай білімге қамту жоспары құрастырылды. Жылына екі рет қыркүйек, қаңтар айында білім алушы балалардың мәліметтер базасы толтырылды. Оқу жылының басында мектепте 390 оқушы, 5-9-сыныптарда 308 оқушы, 10-11-сыныптарда 82 оқушы, жыл бойы кеткені 11 оқушы, келгені 10 оқушы, оқу жылының аяғында 389 оқушы болды.

Әлеуметтік педагог тарапынан күнделікті әрбір сынып оқушыларының сабаққа қатысулары бақыланып, қадағаланды. Арнайы мониторинг жасалып, талдау жүргізілді. Нәтижесінде сабақтан себепсіз қалатын оқушылардың жоқ екендігі анықталды. Мектепте оқушылардың сабаққа қатысуы жыл бойы бақылауда болып, күнделікті мониторинг жасалады.

Жаппай оқыту қорының қаражаты есебінен аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасындағы оқушылардың тегін тамақтануы бақыланды.

Шешу жолдары:

1. Мектептің білім сапасына кері әсерін тигізген, жылдық қорытынды бағасында «3» бағасы бар оқушыларының ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мектеп құрамынан шығару жұмыстарын жүргізу;
2. 2020-2021 жылы жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуға көшетін 11-сыныпқа сабақ беретін мұғалімдердің біліктілік курстардан өтуін қамтамасыз ету;
3. 2020-2021 оқу жылында 10 сыныптардың таңдау пәндері бойынша топтар құру;
4. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім алушылардың білім сапасын үнемі қадағалау, мониторинг жүргізіп отыру;
5. 2020-2021 оқу жылында физика, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде жүргізу;
6. Тереңдетіліп оқытылатын пәндерді оқытудың сапасын арттыру;

7. Пән бойынша оқушылардың жетістіктері мониторингін және білім сапасы мониторингін жүйелі тұрғыда жүргізу.

Дарынды оқушылармен жұмыс

Қазіргі заман - білім мен ғылымның бәсеке заманы. Ілгеріліп даму, үздіктер қатарынан озғындап шығу, тек ғылым мен білім арқылы ғана мүмкін болмақ.


Дарынды оқушылармен жұмысының жүйесі «Жас дарын» мамандандырылған мектебінің «Дарынды және талантты балалар» бағдарламасына негізделген. Бағдарлама мақсаты : дарындылыққа бейім, сондай-ақ қабілетті балалардың дамуына жан-жақты жағдай жасау. Мақсатқа жетіу аясында мектепте дамытудың қолайлы деңгейіне жету үшін бағытталған өзара байланысқан іс - шаралар жүйесі құрылған.

Жұмыс 4 бағытта бойынша жүреді: жобалау-зерттеу бағыты шығармашылық бағыт, пәндік олимпиадалар, зияткерлік бағыт.

Жобалау-зерттеу бағытында 1-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары «Зерде» республикалық конкурсының іріктеу кезеңіне 63 жоба ұсынылып, олардан облыстық кезеңге мектептен 46 оқушы 29 жобасын сынға салды. Бұл жалпы ұсынылған жобалар санынан 46 % болды. Іріктеу кезеңінен экология, валеология секциясындағы жұмыстар өткізілмей қалды.

Конкурс қорытындысы бойынша 19 жобаның авторы (32 қатысушы) жүлдегер атанды. Оның ішінде ІІ-ші орында – 9 жобаның авторы (16 қатысушы), ІІІ - ші орында – 10 жобаның авторы (16 қатысушы). Секциялар бойынша жүлделі жобалар орындары келесідей болды: қазақ тілі мен әдебиет екі орын, математика, информатика- 3, медицина, психология- 1, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі- 2, тарих, өлкетану, этномәдениеттану- 9, физика, техника- 2. Нәтиже болмады медицина мен психология, химия мен биология секцияларында.

8-11 сынып оқушыларының жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық туры нәтижесінде, облыстық іріктеу кезеңіне 115 оқушы 73 жобаны ұсынылып, облыстық кезеңіне 59 оқушы 35 жобамен бұл жалпы ұсынылған жұмыстардың 48 % болды .



Сайыс нәтижесінде қатысқан 35 жобадан 20 оқушы жұмысы жүлделі орынға иеленді, бұл 57% болады.

Конкурс нәтижесінде 20 жоба бойынша 34 оқушы жеңімпаз және жүлдегер атанды, олардың арасында 1 орында - 1 оқушы, 2 орында – 5 жоба 9 оқушыда, 3 орын – 13 жоба 24 оқушы.

Секция	Қатысқан жоба саны	Жүлделі жоба саны	Сапасы %
Экономика	3	2	66%
Тіл білімі (қазақ тілі)	2	1	50%
Химия	7	4	57%
Биология	2	1	50%


Әдебиет (орыс)	1	0	0%
Тіл білімі (ағылшын тілі)	4	2	50%
Өлкетану	3	1	33%
Әдебиет (қазақ)	4	2	50%
Физика	5	3	60%
Этномәдениеттану	1	0	0%
Математика	1	1	100%
Тарих	1	1	100%
"Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығын сақтау"	1	1	100%

«Жас дарын» мектебі «Мамандандырылған мектептер арасында үздік ғылыми қоғам» номинациясымен марапатталды.

Республикаға іріктеу кезеңіне екі бағыт бойынша тестілеуге жаратылыстану бағытына -14 оқушы, қоғамдық-гуманитарлық бағытқа -13 оқушы қатысты. Тестілеу нәтижесінде Республикалық деңгейге ЖМБ - 3 оқушы, ҚГБ - 6 оқушы өтті.



Секциялардың профильді пәндер арасында тестілеу нәтижесі бойынша төмен сапа көрсет оқушылар келесі пәндерде: химия, математика, физика, тарих, қазақ әдебиеті. Жақсы нәтиже биология пәнінен. Орта көрсеткіштері математика, география (экономика), Қазақстан тарихы (өлкетану), ағылшын тілі пәндерінде.



Ғылыми жобалар Республикалық кезеңіне 8 оқушы қатысты. Олардың арасында жүлделі атанды 3 командалық жоба : экономика, өлкетану,–ағылшын тілі және 1 жеке түрді биология секциясында. (қазақ тілі секциясында қатысушы).

Ғылыми жобалар	«Зерде» 5-7 сынып облыстық			«Зерде» 5-7 сынып республика			8-11 сынып ғылыми жоба (облыстық)			8-11 сынып ғылыми жоба (республика)		
	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Жүлделер	33	18	19	2	0	0	48	38	20	12	3	4

Оқу жылының сонында «Зерде» шығармашылық және зерттеу жұмыстарының, ғылыми жобалардың облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің көрсеткіштері жинақталды. Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам инновациялық идеялардың республикалық байқау биылғы оқу жылында 3 оқушы қатысып , бір 3 орын жүлделі атанды. Бұл жобада қазіргі кезде жоқ қандай да бір өнім немесе қызмет ойлап табу, не болмаса бар нәрсені жетілдіру туралы идеяны қарастырады.

олимпиада	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар облыстық байқауы		
	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Жүлделер саны	Болған жоқ	4	1

Мәселе :

- 1) Облыстық деңгейге ұсыныс жасалған жобалардан іріктеу кезеңнен орташа есеппен 47% өтеді.
- 2) Орта буын оқушыларының сайысында экология, валеология, химия биология секцияларында көрсеткіш төмен.
- 3) Конкурса ұсынылатын жұмыстардың рәсімделуіне қойылатын талаптарға сәйкес болмады.
- 4) Робототехника секциясы бойынша қатысушылар болмады.
- 5) Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша шеберхана алаңы мүмкіншілігін толығымен іске қосылмады, жұмыс түрлері жетілдірілмеген
- 6) Көптеген зерттеу жұмыстары жоғары оқу орындарының өкілдерімен расталмады
- 7) Республика деңгейіне шығатын ғылыми жобалардың бағыттарын арттыру
- 8) Халықаралық деңгейдегі сайыстарға жобалар шығару

Шешу жолдары :

- 1) Пән мұғалімдеріне оқушылардың ғылыми жобалар тақырыптарын оқу жылы аралығында әдістемелік бірлестікте қарастыру.
- 2) Оқушылардың зерттеу жұмыстарын оқу кезеңінде үздіксіз жүргізу.
- 3) Іріктеу кезеңінен өткізе алмаған зерттеу жұмыстарын жаңадан пысықтау.
- 4) «Startup» бизнес-жобаларды ұйымдастыру

- 5) Пән мұғалімдеріне тестілеу кезеңінде төмен нәтиже көрсеткен пәндер бойынша дайындықты жақсарту
- 6) 2020 жылғы наурыз айында мектепшілік ғылыми жобалардың іріктеу кезеңін өткізу жоспарлануда.

Шығармашылық бағытта. Оқулар

«Оқулар жүйріктері» шығармашылық оқулар мен жарыстар бағытында оқу жылында 5 түрлі сайыстарға мектептен «Мағжан» «Мақатаев» «Әбіш» «Мәшһүр» оқулары, «Ақберен», «Жарқын болашақ» сайысы жалпы 31 оқушы қатысты. Олардың арасында жүлделі орындарға 12 оқушы иеленді, бұл 42% сәйкес. Оқушылар арасынан бірнеше мәрте жүлделі болған Ахын Балжан Анияр Мұхаммед атап кету керек.

Шығармашылық сайыстар	Қатысқан оқушы саны	Жүлдегерлер саны	1 орын	2 орын	3 орын	%	ҚГ
Мағжан оқулары	6	2		2		33%	
Мақатаев оқулары	2					0%	1
Ақберен конкурсы	5	2		1	1	4%	
Әбіш оқулары	10	3 /1команд-7оқушы/		2	1	90%	
Мәшһүр оқулары	4	3	1		2	75%	
Жарқын болашақ	4	2	1		1	50%	
Абай оқулары	3	1		1		33%	
жалпы	34	13	1	6	4	41%	

Жалпы қазақ тілі мен әдебиет пәнінен олимпиадалық резерв қорында дайындықта 25 оқушы бар, оның 50% жоғары сынып оқушылары болғандықпен, бастапқы саты 5-6 сынып оқушыларының саны аздау. Әрбір оқу жылы бойы осы басты мәселені бақылауға алу қажет.

Оқулар	Ақберен сайысы		Махамбет оқулары			Мәшһүр оқулары		Мағжан оқулары		Мақатаев
	2017-2018	2018-2019	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2017-2018	2018-2019	2018-2019	2019-2020	2019-2020
Жүлделер саны	жоқ	2		2	1	1	1	жоқ	2	ҚГ

олимпиада	Абай оқулары		
	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Жүлделер саны	1	3	1

Мәселе :

- 1) шығармашылық оқулар мен жарыстар бағытында жалпы нәтиже орта көрсеткіштен төмен
- 2) Барлық оқулар бойынша жүлделі 1 орын тек 2 оқушыда, әғни Республикалық деңгейде қатысуға жіткіліксіз
- 3) Олимпиадалық резерв қоры құрамында жалпы 25 оқушыдан 6 сыныптан - 2 оқушы, бұл орта буын оқушыларының қызығушылығы мен дайындығы төмендігін білдіреді

Шешу жолдары :

- 1) Шығармашылық оқулар мен жарыстарға оқушылардың сабақтастық дайындығын сақтау
- 2) Оқушылардың дайындық жолдар бағыттарын әдістемелік бірлестікте қарастырып , бір жүйеге келтіру
- 3) Қазақ тілі мен әдебиетінен шығармашылық оқулар және жарыстар бойынша оқушылардың «Жас ақындар» атты авторлық жинақтарын шығару

Олимпиадалар

Бастапқы буын оқушылары арнайы өздерінің сайыстарына қатысады. 2019жылмен салыстырғанда нәтиже төмендеді.

5-6 кешенді олимпиада облыстық			Никитенко олимпиадасы	Смагулов олимпиадасы		
2017-2018	2018-2019	2019-2020	2019-2020	2017-2018	2018-2019	2019-2020
6	6	2	2 Жеке / 1 команд	2	4	1

Жасөспірімдер олимпиадалары жоғары буын үшін бастапқы алаң болуы тиіс. Биыл жасөспірімдер олипиадасына 31 оқушы қатысты 5 жүлделі орынға , 2 ҚГ иеленді. Бұл математика, биология, география пәндері.

Жасөспірімдер олимпиадасы			Аймақтық жас математиктер турнирі		
2017-2018	2018-2019	2019-2020	2017-2018	2018-2019	2019-2020
11+3 ҚГ	14+6 ҚГ	5 + 2ҚГ	6 оқушы /2-орын/	2 оқушы/1-орын/	ҚГ

2019 оқу жылымен салыстырғанда лингвистикалық олимпиада көрсеткіш сақталғанымен, көптілділік олимпиада нәтижесі айтарлықтай төмен түскен. Бұл олимпиада көп қырлы, өзекті болғандықтан осы бағытта қазақ, орыс, ағылшын тілі мұғалімдерінің ынтымақтастық жүйеде жұмыс жасау күмән жоқ.

Лингвистикалық олимпиада			Көптілділік олимпиада		
2017-2018	2018-2019	2019-2020	2017-2018	2018-2019	2019-2020
6	2	2	8	3	1

Мәселе:

- 4) сапа көрсеткіші 5-8 сыныптар бойынша төмендеген.
- 5) 5,6 сынып оқушылары арасынан аздау оқушылар жетістіктер көрсетеді

	Қатысушылар	Жүлделі орын	Сапа	I	II	III
2019 жыл	40	35	87%	12	12	11
2020 жыл	54	38	70%	9	11	18

- 6) 7-8 сынып оқушылары жоғары деңгейдегі олимпиадаларға қатыстыру толығымен дайын емес
- 7) 5-8 сыныптар бойынша математика бағытында (5-6 кешенді олимпиада , Смагулов, Никитенко олимпиадасы Аймақтық жас математиктер турнирі) көрсеткіштер төмендеген

Шешу жолдары :

- 4) Математика пәні бірлестігінде интеллектуалды қор құрайтын оқушылармен **жеке дара** жұмыстарын жүргізуді қарастыру
- 5) Бастапқы, орта және жоғары сынып оқушылары арасында күрделі тапсырмаларды шығару, олимпиадаларға дайындау сабақтастығын құру
- 6) 5-8 сынып оқушыларымен жоспардан тыс басқа түрлі қашықтық олимпиада, сайыстарға қатыстыру
- 7) Республикалық және халықаралық деңгейдегі математикалық олимпиадаларға жеке оқушылармен дайындықтар жүргізу

Олимпиадалар – білім жарыстырудың өзіндік ерекшелігі бар бір түрі, оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы жұмыстарының нәтижесі.

Жалпы пәндер олимпиадасының мектепішілік кезеңіне барлық 390 оқушы қатысты . Мектепішілік пән олимпиадасы 11 пәннен өткізілді.

Олимпиада нәтижесінде: 5-7 сыныптар бойыншы 125 оқушы жүлделі орынға иеленді, оның арасында 1 орын- 26 оқушы, 2 орын- 64 оқушы, 3 орын -35 оқушы.

8-11 сыныптан 196 оқушы қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша 136 оқушы жүлделі орынға иеленді, оның арасында 1 орын – 57 оқушы, 2 орын- 41 оқушы, 3 орын - 38 оқушы.

Қалалық кезеңіне 136 оқушы қатысып, 54 оқушы (2019 жылы 40 оқушы) облыстық деңгейге жолдама алды. Мектеп бойынша дайындық кестесі құрылды. Облыстық кезең қатысушылары, 22 пән мұғалімдері және ЖОО оқытушыларымен үздіксіз дайындықта болды.

Барлығы 9-сыныптан - 21 оқушы, 10-сыныптан - 11 оқушы, 11-сыныптан - 18 оқушы. Осылардың арасында төртеуі 8-сынып оқушылары.

Барлық қатысушылардан 21 оқушы (38%) 2019 жылдағы пән олимпиадасының облыстық кезең жүлдегерлері, олардың арасында 7 оқушы (қазақстан тарихы, құқық негіздері, география, қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі) Республикалық кезең жеңімпаздары, 2 оқушы Республикалық кезең қатысушылары (физика, география).

Олимпиада қорытындысы бойынша 38 оқушы жүлделі орынға иеленді, сапа 70% (2019 жылы – 35 жүлделі орын, сапа 87%), 4 Грант иегері (2 - Нұр-Сұлтан қ. Халықаралық Университеті, 2 - ПМУ). Жеңімпаздар арасында 11 сынып оқушылары – 12.

2019 жылмен салыстырғанда, 2020 жылы 9 оқушының көрсеткіші төмендеді:

№	Пәндер	2019 /орын	2020/орын
1	информатика	3	жоқ
2	қазақстан тарихы	1	2
3	құқық негіздері	1,1	3, жоқ
4	география	1,1,3	2,3 жоқ
5	орыс тілі	1	2
6	ағылшын тілі	1	2

Сонымен, 38 жүлдегерден 26 оқушы 2021 жылдың пән олимпиадасының үміткері болмақ. (2020 жылы 21 оқушы 2019 жылды жүлдегері)

Мектеп командасы "Ең Үздік олимпиадалық команда-2020" номинациясының иегерді : қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша I орын, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша II орын.

Республикалық деңгейге 11 оқушы ұсынылды, олардың арасында 5 оқушы екінші рет барады. Оқушыларды Республикалық деңгейге дайындауы жоспары бойынша жүргізіледі.

олимпиада	Пән олимпиадасының Республика деңгейі		
	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Жүлделер саны	4	9+1 ҚГ	??????

Жоғары сынып оқушылары қатысатын Президенттік және геометрия пәнінен Иран олимпиадасы бойынша нәтижелер болмады.

олимпиада	Президенттік олимпиада		
	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Жүлде	0	2 респ	0

Қазақстан тарихы, құқық негіздері пәндері бойынша нәтиже оң орын алады. "Менің кіші Отаным" сайысында былтырғы оқу жылымен салыстырғанда қорытындысы жақсы.

олимпиада	"Менің кіші Отаным"	
	2018-2019	2019-2020
Жүлделер саны	жоқ	2 \ II ,III орын \

Биылғы оқу жылында С. Торайғыров атындағы ПМУ оқушылардың құқықтану, экономика, саясаттану, менеджмент, Мемлекеттік және жергілікті басқару бағыты бойынша бірнеше кезен олимпиадаларын өткізді. Қорытындысында 10 оқушыдан бесеуі жүлделі орындарға иеленді. 4 оқушы номинация дипломымен марапатталды.

№	олимпиада	Қатысқан оқушы	I орын	II орын	III орын	Номинация
1	саясаттану, менеджмент, Мемлекеттік және жергілікті басқару	3		1	1	
2	Қаржы есеп және аудит	3	1	1	1	
3	Экономика	4				«шығармашылығы үшін»

2020 жылдан бастап жалпы білім беретін пәндер олимпиадасына өзін-өзі тану пәні қосылады. Осы пән бойынша оқу жылы басында сайыс және соңында олимпиада өтті. Нәтижелері оң болды. Жалпы қатысқан 6 оқушыдан екі жүлделі орын, бір топтық Құрмет грамотасы .

№	олимпиада	Қатысқан оқушы	I орын	II орын	III орын	Құрмет грамота
1	Сайыс Өзін-өзі тану пәні бойынша	3				1
2	Олимпиада «Өзін-өзі тану»	3		1	1	

Мектептің «дарынды және талантты бала бағдарламасына сәйкес «Мектеп пәндері әлемінде» бағытында 5-8 сынып оқушылары арасында С.Т.Хасанова атындағы «Математикалық АБАКА» олимпиадасы өткізілді. Олимпиада мақсаты математикадан қабілеті жоғары дарынды балаларды анықтау, облыстық олимпиадалық құрама командасын қалыптастыруына қолдау көрсету, математика ғылымына деген шығармашылық қызығушылықтарын дамыту.

Олимпиада қорытындысы бойынша 5 және 8 сынып оқушылары жақсы нәтижеге жетті. Командалық есепте жүлделі орындар келесідей бөлінді: 5-6 сыныптар арасында ең жоғары балл жинаған 5М сынып бірінші командасы «Гран-при» және ауспалы кубогымен марапатталды. Командалар жүлделі орындар төмендегідей таратылды: I орын – 5м екінші командасы, II және III орындар 5д сынып оқушыларында. 7-8 сыныптар арасында ең жоғары көрсеткіш I орын – 8г сыныпта, II және III орындар 8м сынып командаларында.

Олимпиадаға тиімді дайындау үшін ол бір реттік шара ретінде ғана өткізілмеуі керек, дайындау жүйелі жүргізілуі керек. Ең алдымен оқушының пәнге қабілетін анықтап, ортанғы сыныптан бастап дайындаған дұрыс. Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы керек.

«Білім қоржынымды байытамын» бағытында оқу жылы бойы мектептің олимпиадалық резерв оқушылары бірнеше дайындықтан өтті.

Ең негізгісі мектептегі ЖОО оқытушыларымен ұйымдастырылған арнайы элективті сабақтар. Жалпы 1500 сағат пәндер бойынша 15 оқытушыға бөлінген. Осы бағытта жалпы дайындықтардан 145 дәріс алуда.

№	пән	оқушы саны
1	информатика	6
2	француз тілі	4
3	математика	30
4	қазақ тілі	24
5	химия	10
6	орыс тілі	10
7	биология	10
8	физика	9
9	география	14
10	Қаз.тарихы	12
11	құқық негіздері	5
12	ағылшын тілі	11
Барлығы		145

Дайындық күндері бікітілген сабақ кестесі бойынша жүргізілді. 18 ерекше дарын, бірнеше мәрте жоғары нәтиже көрсеткен оқушыларға, аптасына 4,5 сағат бөлінген сабақтарды 17 ұстаз жүргізді, оның арасында 5 ЖОО оқытушылары.

«Олимпиада шыңына өрлеу» бағытында облыстық және республикалық деңгейдегі олимпиадаларға дайындық өз жемісін береді.

8 лицей негізінді 5-6 сыныптардан, алдын ала өткізілген тестілеуден, 8 оқушыдан 5 оқушы күзгі және қысқы демалыста дайындықта болды. Осындай жұмыс өзінің нәтижесін берді, оқушылар алдағы сайыс, олимпиадаларда жоғары көрсеткіштермен шықты.

№	Оқушы	сынып	Нәтиже
1	Жанахметов Ансар	8м	Облыстық ЖМБ жасөспірімдер олимпиадасы 2 орын, Республикалық қашықтық пәндер олимпиадасының жүлдегері, «Кенгуру-математика» халықаралық интеллектуалдық турнирі 2 орын; Жаутыков

			олимпиадасының соңғы турына өтті \маусым\
2	Тюлюгенов Аслан	7	Смагулов ат.олимпиадасы соңғы турына өтті \ \, Республикалық қашықтық жасөспірімдер олимпиадасының 1 орын
	Амангелді Камила	6м	Никитенко облыстық олимпиада 3 орын, топтық жарыста 3 орын; 5-6 сынып оқушыларына арналған VIII облыстық кешенді олимпиада 1 орын
4	Марданов Дінмұхамед	5м	Никитенко облыстық олимпиада 2 орын, топтық жарыста 3 орын
5	Сәкен Нурали	6М	Никитенко облыстық олимпиада топтық жарыста 3 орын

ЕД орталығы ұйымдастыруымен «Жалын» олимпиадалық резерв сабақтарына мектептен 30 оқушы қатысты. Осы оқушылар арасынан жалпы пәндер олимпиадасында нәтижеге 14 оқушы, жасөспірімдер олимпиадасында 2 оқушы өтті. Күздік демалыс уақытында "Fizmat Academy" Республикалық физико-математикалық мектебінде дәріс алған 14 оқушыдан 5 оқушы жалпы пәндер олимпиадасында жүлделі орынға қол жеткізіп 2 оқушы Жаутыков олимпиадасының соңғы кезеңіне /тамыз/ қатысады.

"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығында 5 онлайн зияткерлік іс-шаралары өтті

- 1) «Кенгуру – математика барлығы үшін» ойын-сайысында 40 оқушы тіркеліп \5-9 сынып оқушылары\ 34 жүлделі орынға, олардың арасынан 1 орынға - 18, 2 орынға - 9, 3 орынға - 7 иеленді.
- 2) «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша\ математика, физика, химия, биология\ Республикалық жасөспірімдер онлайн олимпиадасына» \7 М, 8 М, 1 оқушы 7 Г\ 24 оқушы қатысты, олардан 1 орынға - 5, 2 орынға - 6, 3 орынға – 6 оқушы қол жеткізді.
- 3) «9-11 сынып оқушыларының жалпы пәндер олимпиадасы» 12 пән бойынша олимпиадасы өтті, жалпы 256 қатысушы тіркеліп, жалпы 134 оқушы жүлделі орынға олардың арасынан 1 орынға - 38, 2 орынға - 40, 3 орынға - 56 иеленді.
- 4) "Золотое руно" қашықтық олимпиадасында 4 оқушы жүлделі 3 орынға ие болды.
- 5) «Тарих ата» 6 оқушы қатысыпты, ШайАхмет Г. - 2 орын

Мәселе

- Пәндер олимпиадасында облыстық деңгейде барлық мәлімденген 12 пәннен нәтиже болғанымен математика, информатика, химия, физика ағылшын пәндерінің қорытынды төмен.
- Республика деңгейіне 12 ден 8 пәннен қатысушылар барады. Республикалық деңгейге информатика, химия, құқық негіздері, география пәндерінен өтпеді.
- Халықаралық олимпиадаларға қатысушылар болмады;

Шешу жолдары

- Пән бойынша оқушылардың жетістіктері мониторингін және білім сапасы мониторингін жүйелі тұрғыда жүргізу.
- Барлық пәннен ОРМ жұмысын арттыру.
- Олимпиадалық резерв құрамын іріктеу, оқушылармен жыл бойы жұмыс жүргізу;
- Математика, информатика, химия, физика ағылшын пәндерінен облыстық деңгейде оқушыларды сапалы дайындау.

- Құқық негіздері, география пәндерінен қатысушыларды Республикалық деңгейге шығару мақсатында дайындықты күшейту.
- Пән мұғалімдері өз әдістемелік жүйесін жаңаша ұйымдастыру.
- Халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға қатыстыру мақсатында облыстық және Республикалық сатысында нәтиже көрсеткен оқушылармен пән мұғалімдеріне дайындық жұмысын бірігіп бір жүйеге келтіру.
- Оқушылардың қызығушылығын аттыру мақсатында басқа түрлі, қашықтық сайыстарға қатыстыру.

Кадрлық әлуат сараптамасы

«Мұғалім-мектептің жүрегі». Ұстаз міндетін саралайтын осы даналық ойдың мәнін терең ұғынған жөн. Ұлы ақындар ұлтына жетекші болса, ал ұстаз адам жанына үніліп шәкірт жүрегіндегі адамдық сезімді оятады.

Қай кезең, қай дәуірде болсын болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беруден асқан мұрат жоқ. «Ұстаз», «Шәкірт», «Білім»-осы үштік оқу жүйесінің күретамамыры. Олай болса, ұлы ғылымның алғашқы кіріспесі де-осы білімдік жүйе, сапаға негізделген құрылым болмақ. Бүгінде оқыту жүйесіндегі озық идеялар бір оқушылардың даму, ізденіс ерекшеліктеріне қарай бағыттталып, соған сай педагогикалық қолдауға ие болып келеді.

Жаңа педагогикалық сапа-құзырлылық-оқушының жан-жақтылығы, өмірді танып-білуі, дербестікке ұмтылысы болса, бұл бір көркем әлем, өз «Менін» іздеуі деп те айтуға болады.

Жылдан-жылға педагогикалық ұжым мүшелерінің шеберліктері шыңдалып, оларға қойылып отырған талаптар күшеюде. Сондықтан олар өз білімдерін тексеріп жетілдіруде арнаулы курстардан, семинарлардан өтіп, әдістемелік кәсіптік шеберліктерін жетілдіруде.

Мектепте 46 мұғалім қызмет атқарды, 46 - жоғары білімді, яғни, 100%, бәрі мамандығы бойынша жұмыс істейді. Мектеп ұстаздарының 1 (2%) жоғары санатты, 1 (2%) бірінші санатты, 3 (7%) екінші санатты, 6 (13%) санаты жоқ ұстаздар. Сонымен қатар, бүгінгі күнде 14 (30%) ұстаз «педагог-шебер», 17 (37%) ұстаз «педагог-зерттеуші», 2 (4%) ұстаз «педагог-сарапшы», 2 (4%) ұстаз «педагог-модератор» атағына ие.

ПЕДАГОГ-ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

2019 – 2020 о.ж

№	Аты – жөні	Лауазымы	Педагог
1	Сырттанова Айнаш Тохтархановна	қазақ тілі мұғалімі	Педагог- шебер
2	Бельгибаева Гульшекер Кабдылманатовна	ДИЖО, музыка мұғалімі	Педагог- шебер
3	Алибеков Мурат Сабирович	Химия мұғалімі	Педагог- шебер
4	Аниярова Марал Оралбековна	Қазақ тілі мұғалімі	Педагог- шебер
5	Абдрахманова Фарида Есимхановна	Химия мұғалімі	Педагог- шебер
6	Байсарин Ертас Мадениетович	Математика мұғалімі	Педагог- шебер
7	Итемгенов Бахытбек Упышевич	Тарих мұғалімі	Педагог- шебер
8	Кабылова Айсулу Мажитовна	Қазақ тілі және әдебиет мұғалімі	Педагог- шебер
9	Момынов Қуат Мырзатаевич	Информатика мұғалімі	Педагог- шебер
10	Текенов Арыстан Анатолевич	Математика мұғалімі	Педагог- шебер
11	Куставлетова Айгуль Баяновна	Орыс тілі мұғалімі	Педагог – шебер
12	Кайдарова Лаура Сартаевна	География мұғалімі	Педагог – шебер
13	Куватова Мадина Борисқызы	Ағылшын тілі мұғалімі	Педагог – шебер
14	Какабаева Айнаш Маматаевна	Тарих мұғалімі	Педагог – шебер

ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ
2019 – 2020 о.ж (1.01.20.)

№	Аты – жөні	Лауазымы	педагог
1	Жанғазы Гүлнар Садыққызы	Мектеп директоры, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог – зерттеуші
2	Абдиюсупова Батима Халықона	Қазақ тілі және әдебиет мұғалімі	Педагог – зерттеуші
3	Шайхимов Айдар Абылаевич	ДАТЖО, химия мұғалімі	Педагог – зерттеуші
4	Аханбаева Сандугуль Ермуратовна	Қазақ тілі мұғалімі	Педагог – зерттеуші
5	Ахшалова Данира Қасқырбековна	ДОЖО, Математика мұғалімі	Педагог – зерттеуші
6	Бегежанова Ақмарал Еркінжасовна	Орыс тілі мұғалімі	Педагог – зерттеуші
7	Даулбаева Камила Муратовна	Ағылшын тілі мұғалімі	Педагог – зерттеуші
8	Ескендиrow Майса Тусуповна	Дене шынықтыру мұғалімі	Педагог – зерттеуші
9	Қалым Гүлжазира Мұратбекқызы	ДҒЖЖО, Химия пәнінің мұғалімі	Педагог – зерттеуші
10	Қабылова Құлбагила Казезовна	Математика мұғалімі	Педагог – зерттеуші
11	Омарова Қымбат Ораловна	Математика мұғалімі	Педагог – зерттеуші
12	Сумбаева Алтын Хайруллаевна	Физика мұғалімі	Педагог – зерттеуші
13	Смагулов Қайрат Токтарбаевич	Физика мұғалімі	Педагог – зерттеуші
14	Сыпатаев Ермурат Валериевич	Дене шынықтыру мұғалімі	Педагог – зерттеуші
15	Тологони Канипа Төлеген	Еңбек мұғалімі	Педагог – зерттеуші
16	Қожегельдинова Гүльназы Нигиметовна	Математика мұғалімі	Педагог – зерттеуші
17	Ильясова Гүльмира Раушановна	Ағылшын тілі мұғалімі	Педагог – зерттеуші

ПЕДАГОГ- САРАПШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ
2019 – 2020 о.ж (1.01.20.)

№	Аты – жөні	Лауазымы	педагог
1	Қисап Айдана Серікқызы	Биология мұғалімі	Педагог - сарапшы
2	Қаирбекқызы Тыныс	География мұғалімі	Педагог - сарапшы

ПЕДАГОГ-МОДЕРАТОРЛАРДЫҢ ТІЗІМІ
2019 – 2020 о.ж (1.01.20.)

№	Аты – жөні	Лауазымы	педагог
1	Казангапов Аблайхан Кажымуратович	Ағылшын тілі мұғалімі	Педагог - модератор
2	Мальчибаева Айым Муратовна	Физика мұғалімі	Педагог - модератор

ЖОҒАРЫ САНАТТЫ МҰҒАЛІМДЕР ТІЗІМІ
2019 – 2020 о.ж (1.01.20.)

№	Аты – жөні	Лауазымы	педагог
1	Шаймерденова Алия Турсуновна	ДҒӘЖО	Жоғары санатты

БІРІНШІ САНАТТЫ МҰҒАЛІМДЕР ТІЗІМІ
2019 – 2020 о.ж (1.01.20.)

№	Аты – жөні	Лауазымы	педагог
1	Маненов Жасулан Каиргельдинович	АӘД мұғалімі	I санатты

ЕКІНШІ САНАТТЫ МҰҒАЛІМДЕР ТІЗІМІ
2019 – 2020 о.ж (1.01.20.)

№	Аты – жөні	Лауазымы	педагог
1	Омарова Асель Уалиденовна	Экономика мұғалімі	II санат
2	Темірғалы Қызғалдақ Медьғатқызы	Психолог	II санат
3	Жұртхан Ардақ	Математика пәні мұғалімі	II санат

САНАТСЫЗ МҰҒАЛІМДЕР ТІЗІМІ
2019 – 2020 о.ж (1.01.20.)

№	Аты – жөні	Лауазымы	Педагог
1	Гарифуллина Сая Габиденқызы	Әлеуметтік педагог, лаборант	Жоқ
2	Доспай Малика Манарханқызы	Математика мұғалімі	Жоқ
3	Тынымхан Ақжол Асхарұлы	Технология мұғалімі	Жоқ
4	Досумбекова Райхан Наурызбаевна	өзін - өзі тану мұғалімі	Жоқ
5	Бақауова Азиза Сабыровна	Ағылшын тілі мұғалімі	Жоқ
6	Асаинова Жұлдыз Сериковна	Психолог	Жоқ

Қорытынды: Педагогикалық кадрлардың аттестациясы Білім және ғылым министрлігінің «Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау Ережелері» №16 және 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрықтарына сәйкес өткізілді. Аттестаттауға дайындық барысында мұғалімдердің шығармашылық есептері әдістемелік бірлестік отырыстарында шындалды.

Проблема: Дегенмен, ескеретін жағдайлар да туындады:

- тестілеу барысында қажетті ұпай алалмаған педагогтар болды;
- қажетті ұпай алып, бірақ портфолио бойынша аттестаттауға ұсынылмаған да педагогтар болды.

Шешу жолдары: педагог-шеберге өтініш берген педагогтар міндетті түрде

- авторлық бағдарламалар әзірлеу және оны облыс, республика көлемінде тарату;
- республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу;
- облыс деңгейінде кәсібиқауымдастық желісін дамытуды жоспарлау;
- республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың жүлдегерлерін дайындау;
- БАҚ – қа жариялану қажет.

Жыл бойы мектепте бірлесе оқытудың негізінде қалыптасқан мектепшілік біліктілікті арттыру системасы білім берудегі жаңарту мен инновациялардың енгізілу шарттарында мұғалімдердің кәсіби даярлығын, кәсіби құзыреттілігін және кәсіби мәдениеттілігін арттыруға үлес қосып жұмыс атқарды.

Жылдар	Педагогтар саны	Педагогикалық өтілі				
		0-3 жыл	3-8 жыл	8-15 жыл	15-20 жыл	20 жылдан жоғары
2017-2018	39		5	7	10	17
2018-2019	38	3	6	5	11	12
2019-	46	5	7	7	2	25

2020						
------	--	--	--	--	--	--

Қорытынды: деректер қызметкерлердің осы құрылымындағы ең үлкен үлес салмағын 20 және одан да көп еңбек өтілі бар педагогтар иеленетінін көрсетеді.

Педагогтардың біліктіліктерін арттыру

Жаңа уақыт заманауи мұғалімнің біліктілігін арттырудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мамандандырылған мектеп педагогтарына үздіксіз білім беру жүйесін модернизациялаудың негізгі бағыты - әр педагогтың және көшбасшылардың: директор мен оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының кәсіби өсуі мен тұлғалық дамуының жеке траекториясын құру. Ұжымдағы 46 пән мұғалімінің 37-і жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша курстан өтті. 3 мұғалім тренер болғандықтан сертификаты бар мұғалім болып есептеледі. Ұстаздардың 90,2% - ы білім беру мазмұнын жаңарту курстарынан өтті, жаңа оқу бағдарламасының талаптарын ескере отырасақ, бұл оқу үдерісін толық көлемде сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жыл	Педагогтар саны	Білім жүйесінің жаңартылу курстары	ҚО бойынша курстар, семинар, вебинарлар	Үштілділік білім беру бойынша курстар	«Рухани жаңғыру» жобасы аясындағы курстар
2019-2020	46	30	8	3	3

Педагогтардың курс тақырыптарын таңдауға деген көзқарастары да өзгерді. Педагогтар курстардың практикалық жағынан маңызды болуын қажет етеді. Курстардан өту барысында педагогтар заманауи мектептің дамуының соңғы бағыттары бойынша сұрақтарға жауап іздейді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 2019 – 2020 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырып
1	Сырттанова А.Т.	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Оқушыларға тапсырма беру, БЖБ, ТЖБ алудың тиімді жолдары»
2	Аханбаева.Е С.	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Заманауи жағдайларда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды педагогикалық сүйемелдеу»
3	Аханбаева С.Е.	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Қазақ тілі мен әдебиетінен оқушыларды олимпиадаға дайындаудың негізгі бағдары мен әдістері»
4	Даулбаева К.М.		«Критериалдық бағалау»;
5	Даулбаева К.М.	Ағылшын тілі	«Advancing teaching: Teach from home» Macmillan education in Kazakhstan;
6	Даулбаева К.М.	Ағылшын тілі	Grade 11 Humanities model lesson
7	Даулбаева К.М.	Ағылшын тілі	«Teaching High School Students»;
8	Асаинова Ж.С.	Өзін – өзі тану	«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының қазіргі жағдайда жүзеге асыру»;
9	Қаирбекқызы Т.	Жаратылыстану	«Критериалды бағалау - оқушылардың білім сапасын арттыру тәсілдерінің бірі»;
10	Омарова Қ.О.	Математика	9-сынып оқушыларының қорытынды аттестациясын өткізудің жаңа форматы ;

11	Маненов Ж.Қ.	АӘД	Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша АӘД оқулықтын талдау;
12	Куватова М.Б.	Ағылшын тілі	"Advanced teaching: teacj from home»;
13	Куватова М.Б.	Ағылшын тілі	New destinations for Kazakhstan»;
14	Ильясова Г.Р.	Ағылшын тілі	“Preparing your students online for Speaking papers in Cambridge English Qualifications”,
15	Ильясова Г.Р.	Ағылшын тілі	“Preparing for life after school with B2 First and C1 Advanced”;
16	Куставлетова А.Б.	Орыс тілі мен әдебиеті	TALAP.Talks;
17	Доспай М.М.	Математика	Жаңартылған білім беру бағдарламасы»,
18	Доспай М.М.	Математика	«БЖБ ТЖБ құрастыру» ;
19	Абдрахманова Ф.Е.	Химия	ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Химия» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша ;
20	Асаинова Ж.С.	Өзін – өзі тану	«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»;
21	Гарифуллина С.Ғ.	Өзін – өзі тану	«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»;
22	Гарифуллина С.Ғ.	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру
23	Кабылова А.М.	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқыту процесін жобалау» ;
24	Казангапов А.К.	Ағылшын тілі	«ҚББТ қолданумен мектепте оқытудың заманауи амалдары »;
25	Казангапов А.К.	Ағылшын тілі	«Критериалды бағалау бойынша жазғы мектеп»
26	Какабаева А.М.	Тарих	«Критериалды бағалау бойынша жазғы мектеп»
27	Сыпатаев Е.В.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру сабақтарында спорттық ойындар бөлімінде критериалдық бағалау;
28	Қаирбекқызы Т	Жаратылыстану	«ҚББТ қолданумен мектепте оқытудың заманауи амалдары»,
29	Қисап А.С.	Биология	«Заманауи жағдайларда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды педагогикалық сүйемелдеу» ;
30	Маненов Ж.Қ.	Дене шынықтыру	Білім мазмұнының жаңарту бағдарламасы бойынша;

Бүгінгі күні өзекті мәселелерінің бірі - коронавирустің таралуына қарсы күрес шараларын күшейту кезінде, мектептерде көктемгі каникул бір жұма бұрын басталып, 6 -сәуірден бастап мектептер төртінші тоқсанды қашықтықтан оқыту форматында бастаған еді. Мектеп педагогтары болса, балаларды жаңаша оқытуға дайындыққа бірден кіріскен болатын. Педагогтар ҚО әдіс – тәсілдерімен танысып, түрлі интернет платформаларымен жұмыс жасау мақсатында өздерінің педагогикалық шеберлігін арттырумен айналысты, әдістемелік қоржындарын толықтырып, болашақ сабақтарына қажетті материал жинақтады. Бүгінгі күні әдеттегі дайындыққа қоса мұғалімдер өз цифрлық құзіреттіліктерін күшейту бойынша жұмыс жасауда. Қашықтық тәртіпте жұмыс жасауда мұғалімдердің жүйелік тәжірибесі жоқ болғанымен және бұндай жұмыс бұрын

талап етілмегендіктен қиыншылықтар да орын тапты. Сабақ барысында мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстарымен, электронды оқулықтармен, электронды журнал жүйелерімен бұған дейін де жұмыс жасап жүрген болатын. Бұның өзі цифрлық жүйеде жұмыс жасаудың қандай да бір тәжірибесі екені анық. Дегенмен, педагогтардың дәстүрлі сабақ беру жүйесін алмасытартын интернет платформалармен толыққанды жұмыс жасалмайтындықтары байқалды. Ең маңыздысы - осы мәселені дұрыс түсіну. Қашықтық сабақ – әдеттегідей қырық минут көлеміндегі сабақ емес. Қашықтық сабақтың әдіс-тәсілдері, қағидалары да басқа. Осындай сын сәтте мектеп ұстаздарды онлайн-сабақтар жүргізіп, жұмыстарының жаңа шарттарын бірден оң көбен қабылдады. Барлық мұғалімдер қызықты, тартымды сабақтар өткізуге тырысты. Пән мұғалімдері оқушыларға жаңа форматта оқу материалын игеруге көмек беріп, қажетті нәтижеге жеткізіп отырды деуге болады. Барлық білім алушылар мен педагогтарға қажетті сапалы интернет мәселесі, компьютерді пайдалану сұрақтары уақытылы шешілді, қамтамасыз етілді. Сонымен қоса, ұстаздар мен балаларға "Балапан" және "Ел-Арна" телеарналарында төртінші тоқсан басталысымен күнде 5-11 сынып оқушыларына аптасына бес күн сабақ өткізіліп отырды. Ол сабақтар мемлекеттік стандарт талаптарына, оқу бағдарламаларына сәйкес құрылған. Сонымен қатар, педагогтар осы бағыттағы дағдыларын арттыру мақсатында түрлі тақырыптық семинар, курстарға қатысты:

ҚО бойынша курстан өткен педагогтар тізімі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырып
1	Мальчибаева А.М.	Физика	ҚО кезінде туындайтын мәселелер мен шешу жолдары;
2	Сырттанова А.Т.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қашықтықтан оқытудың өзекті мәселелері»;
3	Аханбаева С.Е	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қашықтықтан оқытудың өзекті мәселелері»;
4	Доспай М.М.	Математика	«ҚО кезінде тиімді платформалармен жұмыс істеу»;
5	Абдрахманова Ф.Е	Химия	«АКТны қашықтық сабақ жүргізуде тиімді қолдану»;
6	Абдрахманова Ф.Е	Химия	«Реализация практических работ по предметам естественно-научного цикла в условиях дистанционного обучения»;
7	Асаинова Ж.С.	Психология	«Қаратин кезінде психологиялық көмек көрсету»;

«Рухани жаңғыру» жобасы аясындағы курстардан өткен педагогтар

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырып
1	Сыпатаев Е.В.	Дене шынықтыру	«Рухани жаңғыру» республикалық жобасының аясында «Асық ату» ұлттық ойынын дамыту тақырыбы бойынша облыстық семинар;
2	Маненов Ж.Қ.	Дене шынықтыру	«Рухани жаңғыру» Республикалық жобасының аясында «Асық ату» ұлттық ойынын дамыту»;

Қорытынды: Білім беру мекемесі білім беру мекемесінің білім беру бағдарламасында айқындалған міндеттерді шешу үшін қажетті біліктілік санаты бар, инновациялық кәсіби қызметке қабілетті педагогикалық кадрлармен қамтылған. Оқу жылы бойы педагогтар қалалық, облыстық, аймақтық іс-шараларға белсенді қатысты.

Сонымен қатар, педагогтардың жаңартылған қызметтері әр түрлі педагогикалық қоғамдастықтағы әдістемелік жұмыстармен байланысты. Бұл педагогикалық практикада оқытудың жаңа тәсілдерін белсенді қолдануға мүмкіндік береді.

Проблема: Жыл бойы атқарылған қорытындылай келе мынадай кемшіліктер орын алғанын байқауға болады:

- педагогтардың жеке кәсіби шеберліктерін арттыру нәтижесі – педагогтарға арналған олимпиада, байқауларға қатысу нәтижелілігі аз деуге болады.

- педагогтардың өз тәжірибелерімен бөлісу белсенділіктері орташа, БАҚ-мен байланыс әлсіз.

Шешу жолдары: Есепте көрсетілген мәселелерді қорытындылай келе, келесі оқу жылына мынадай міндеттерді анықтайды:

1. ұстаздардың тәжірибе жинақтау және жалпылап, таратуына қолайлы орта қалыптастыру. 2020-2021 оқу жылында мектеп педагогтарының тәжірибелерін облыс, республика көлемінде жалпылап тарату;

2. Кәсіби байқаулар мен сайыстарға қатысатын педагогтар тізімін алдын ала бекіту.

Жас мамандар мектебі

Кез келген жас маман мектепке алғаш келгенде кәсіби, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл педагог екі жылдан кейін қандай болады? Ол ұжымға қалай кіреді? Бұл сұрақтарға жауаптар көбінесе жас мамандарға көмек көрсетуді ұйымдастыруға тікелей байланысты деуге болады. Осы мақсатта 2019-2020 оқу жылында жас педагогтармен жұмыс жүргізілді:

1. Оқу жылының басында жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында "жас педагог мектебінің" жұмыс жоспары құрылды.
2. Мектепте барлығы 2 жас маман жұмыс атқаруда, Гарифуллина Сая Габиденовна-өзін – өзі тану пәні мұғалімі және аға тәлімгер, Тынымхан Ақжол Асқарұлы – көркем еңбек пәні мұғалімі.
3. 2019 жылдың қыркүйек айында мектеп директоры жас мамандармен жұмыс туралы ереже негізінде тәлімгерлікті ұйымдастыру туралы бұйрық шығарды. Осы бұйрыққа сәйкес жас мұғалімдердің тәлімгерлері тағайындалды: Сая Габиденовнаға тәлімгер ретінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог- шебер, тәжірибелі маман – Кабылова Айсулу Мажитовна, Ақжол Асқарұлына – көркем еңбек пәні мұғалімі, педагог – зерттеуші, тәжірибелі маман – Тологони Қанипа Төлегенқызы.

4. Жас мамандармен жұмыстың мақсаты мен міндеттері анықталды:

Мақсаты-мектепте еңбек өтілі жоқ педагогикалық қызметкерлерге, олардың кәсіби қалыптасуында көмек көрсету.

Міндеттері:

- 1) жас мамандардың педагогикалық қызметке деген қызығушылықтарын арттыру;
- 2) педагог қызметкердің кәсіби қалыптасу үрдісін жеделдету және атқарып отырған лауазымы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді өз бетінше орындау қабілетін дамыту;
- 3) ұжымдық мәдениетке бейімдеу, мектеп ұжымының үздік дәстүрлерін және білім беру ұйымындағы тәртіп ережелерін меңгеру, кәсіби міндеттерін орындауға саналы және шығармашылық қарау.

Жас мамандармен жұмыс "жас педагог мектебі" жұмыс жоспарына сәйкес құрылған және қызметтің келесі бағыттары бойынша жүргізілді:

- 1) ұйымдастыру мәселелері;
- 2) пән бойынша жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру;
- 3) әдістемелік жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру;
- 4) мектеп құжаттамаларымен жұмыс;
- 5) өзін-өзі дамыту бойынша жұмыс;

б) жас мамандардың қызметін бақылау.

Тәлімгер жас мамандардың диагностикасы, педагогикалық қызметтегі қиындықтарды, жас педагогтардың бейімделу дәрежесін зерделеу мақсатында әңгімелесу өткізді.

Көмек көрсету мақсатында келесі сұрақтар бойынша кеңестер мен әңгімелесулер өткізілді: мектеп құжаттарын жүргізу (электрондық журналмен жұмыс), пән бойынша жұмыс бағдарламасын құру, сабақ жоспарларын жасау), сабақтың өзін-өзі талдау, заманауи сабаққа қойылатын әдістемелік талаптар, сабақта мақсат қою, үй тапсырмасын мөлшерлеу.

Жас мамандар түрлі іс – шараларға қатысып, өздерінің шығармашылық деңгейлерін көрсетті. Биылғы оқу жылы барысында Гарифуллина С.Г. өзін – өзі тану пәнін жүргізу мақсатында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстан өтті. Жас мамандар тәжірибе жинау үшін тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысып жүрді. Жас мамандарға арналған коучинг, семинарлар, кеңестер өткізілді.

Тәлімгерлер 2020 жылдың қаңтар айынан бастап тәлімгерлік жұмыс үшін қосымша төлем ақысын алып отырды.

Қорытынды:

1) жас мамандардың бейімделу кезеңі сәтті өтті;

2) жас мамандарға әкімшілік және педагог-тәлімгер теориялық білімді жетілдіру, кәсіби шеберлігін арттыру мәселелерінде көмек көрсетті;

Проблемалар: Педагогикалық өсу үшін тәжірибелі ұстаздар тарапынан тиімді әдістемелік көмек қажет. Жас мамандардың өзара сабақтарға қатысу белсенділігі төмен. Жас мамандардың кәсіби конкурстарға қатыспауы.

Шешу жолдары:

- Әрбір жас маманға жаңартылған курс курс бағдарламасын қолдану арқылы кәсіби әрекетінің жетістікке жетуінде көмек көрсету мақсатында менторинг ұйымдастыру.
- жас мамандармен кеңес беру жұмысын жалғастыру,
- оқу қызметін ұйымдастырудағы тиімді тәсілдер мен әдістерді пысықтауға көбірек көңіл бөлу;
- өздігінен білім алу тақырыбына назар аудару;
- жас мамандардың кәсіби конкурстарға қатысуына жәрдемдесу.

НЗМ іс – тәжірибесін тасымалдау

Павлодар қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі білім беруде жаңа көзқарасты апробациялауды енгізу бойынша эксперименттік алаң болып табылады. Мектеп инновациялық қозғалысты қолдау, кәсіби байланыстарды дамыту және кеңейту, білім беру жүйесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу мақсатында облыстың мектептерінің мұғалімдерімен, соның ішінде Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебімен жинақталған тәжірибесімен үнемі бөліседі.

2017 жылдан бастап Павлодар қаласының ХББ НЗМ – Павлодар облысында жаңартылған білім беру мазмұнын тасымалдаудың әдістемелік орталығы.

"НЗМ тәжірибесін білім беру ұйымдарына тарату" жобасын іске асыру аясында педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған көптеген іс-шаралар өткізілді.

Педагогтарды әдістемелік қолдау үшін қазіргі уақытта онлайн-платформалар және педагогтардың шығармашылық кәсіби қоғамдастықтары жұмыс жасауда. Шығармашылық топтардағы үздік әдіскерлер, тәжірибелі мамандар, оқу бағдарламаларын әзірлеушілер мен авторлары, базалық мектептердің кураторлары үнемі кеңес беру шараларын өткізуде.

Сонымен қатар, тәжірибені тарату онлайн-сабақтар мен онлайн-семинарлар, шебер-сыныптар, оқыту семинарлары, пәндік апталықтар, Ашық есік күндері, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, ата-аналармен және оқушылармен кездесулер, әлеуметтік жобалар мен экскурсиялар және т. б. өткізу арқылы жүзеге асырылады.

«Жас дарын» мектебінің оқушылары жыл бойы "Виртуалды мектеп" және "Каникул кезіндегі мектеп" жобаларының жұмысына белсенді қатысты. Жобалардың мақсаты-Қазақстан Республикасының әр түрлі білім беру ұйымдарының 5 және 6 сынып оқушыларына жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілеттіліктерін дамыту және Назарбаев Зияткерлік мектептеріне ҚР Тұңғыш Президентінің "Өркен" грантына түсуге дайындық үшін жағдай жасау. "Виртуалды Мектеп" веб-сайтының көмегімен үміткерлер өңірлік Зияткерлік мектепте оқуға тіркеле алады, орындау бойынша тапсырмалар мен ұсыныстар, сондай-ақ педагогтың жеке кеңесін ала алады. Виртуалды мектептің тапсырмаларын сәтті орындаған оқушылар өңірлік зияткерлік мектепке бейіндік пәндер бойынша күндізгі оқу және конкурстық іріктеу пәндері бойынша күндізгі кеңес алу үшін шақырылды.

Жыл бойы НЗМ педагогтары оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәжірибесімен бөлісті. НЗМ және ПШО ұйымдастырған семинарлар аясында өткізілген практикалық сабақтарда пән мұғалімдері критерийлерді әзірлеу бойынша өз танымдарын кеңейтті, жаңа форматты қысқа мерзімді жоспарлау үлгісі көрсетілді, ТЖБ мен БЖБ құру әдістері талданды.

"Көптілділікті жүзеге асыру" (CLIL) бағыты бойынша ұйымдастырылған шаралар арқылы А.С.Қисап, А.М.Мальчибаева, А.А.Шайхимов өз білімдерін шыңдап, қажетті ақпарат алып отырды. «Жас дарын» мектебінің педагогтары үшін бұл өте маңызды, себебі көптілді білім беру – Қазақстанның дамуының маңызды стратегиясы.

9 - қараша күні өткен семинарда «Критериалды бағалау: бөлім, тоқсан бойынша жиынтық тапсырмаларды әзірлеу», «Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау: жиынтық тапсырмаларды ұйымдастыру, критерийлер құру, модерация», «Тиімді сабақ. Жоспарлау. Бақылау. Рефлексия» сынды сұрақтар талқыланған болатын. Осы семинарға қатысып, сертификаттарға ие болған мұғалімдер: Кожагельдинова Гульназы Нигиметовна, Кайдарова Лаура Сартаевна, Қисап Айдана Сериковна, Абдрахманова Фарида Есимхановна, Смагулов Кайрат Тохтарбаевич, Кабылова Айсулу Мажитовна, Ильясова Гульмира Раушановна, Куставлетова Айгуль Баяновна, Итемгенов Бақытбек Упышев.

Назарбаев Зияткерлік мектептер әдістемесін тасымалдау бойынша өткізілген жұмыс жоспар түрінде өткізілді. Мектеп бойынша барлығы 28 мұғалім деңгейлік курстан өтті. ПШО – ның ән-күй, дене шынықтыру, математика пәндерінен критериалдық бағалау жүйесін енгізу және жаңа буын оқулықтарымен жұмыс жасау туралы тренерлері Белгібаева Г.М., Сыпатаев Е.В., Ахшалова Д.К. 2019-2020 оқу жылында тренер есебінде 2 мұғалім облыс мұғалімдеріне курс өткізді.

Мектепте деңгейлік курстан өткен ұстаздардан құрылған шығармашылық топ жұмыс жасауда. Олар шағын топтарда коучингтер, ұжыммен және қала мектептерінің, Тереңкөл ауданының мұғалімдеріне, ПГПУ Канапьянов атындағы ПГПУ колледжінің ұстаздары мен студенттеріне арналған семинарлар өткізіп, ашық сабақтар көрсетті:

Қисап Айдана Серікқызы мен Мальчибаева Айым Муратовна «Көптілді білім беру аясында қолданылатын тиімді әдіс – тәсілдер» тақырыбы бойынша облыс мектептерінің педагогтарына арналған коучинг өткізді. Мектеп ұстаздары мен Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің Жоғары колледж оқытушыларына және Тереңкөл аудан мектептерінің педагогтарына өткізілген коучинг, семинарлар: коучтар - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегежанова Ақмарал Еркінжасовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Аханбаева Сандугуль Ермуратовна «Рефлексия мен кері байланыс – сабақтағы маңызды үрдістердің бірі», шебер – сынып: «Эффективные приемы подготовки к олимпиаде по русскому языку и литературе» тренер: Бегежанова Ақмарал Еркінжасовна, шебер– сынып: «Қазақ тілінде PISA халықаралық зерттеу тапсырмаларын орындату арқылы оқушылардың таным көкжиегін кеңейту» тренер: Кабылова Айсулу Мажитовна, шебер – сынып: «Математика пәні бойынша қорытынды аттестаттауға дайындаудың тиімді әдістері» тренер: Байсарин Ертас Мадениетович, «Оқу мақсаттары» коуч - Аниязова Марал Оралбековна, «Сабақты зерттеу әдістері – білім сапасын көтеру жоладрның бірі» коуч - Кожагельдинова Гульназы Нигиметовна, «Химия сабағында оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыратын интербелсенді үлестірмелер» тренер - Қалым Гүлжазира Муратбековна, «Жаратылыстану – математикалық бағытындағы

пәндерді оқытудағы модельдеу» тренер - Шайхимов Айдар Аблаевич, «Белсенді әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану» тренер - Ахшалова Данира Каскирбековна, «Эссе жазу териясы мен практикасы» коуч - Аниязова Марал Оралбековна.

Қорытынды: Жалпы, 2019-2020 жылдың қорытындысы бойынша бірлескен жұмыстың тиімділігін атап өткен жөн. НЗМ педагогтарының шығармашылық тобы өзінің педагогикалық шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетті. Кездесу, семинарлар мен коучингтер педагогтардың кәсіби дамуының қуатты құралы болып табылады. Мұны педагогикалық ұжым өз оқу нәтижелерін көрсетіп, тәжірибе алмаусу жолдарының бірі ретінде әрдайым қолдануда. Ұжымның, шараларға қатысушылардың білдірген пәкірлері осындай кездесулер, шаралар аса қажетті екенігінің дәлелі.

Проблемалар: Мектеп педагогтары болсын, шараларға қатысушылар болсын конструктивті кері байланыс беру мәдениеттерінің төмендігі.

Шешу жолдары: Кері байланыс мәселелерімен проформаны мұқият ойластыру, оған тікелей байланыс мәселелерін қосу. Коуч-топ педагогтарына жеке көмек және қолдау көрсету. Барлық қатысушыларға зерттеу әңгімелерін жүргізу дағдыларын мақсатты түрде қалыптастыру.

«Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының орындалуы

Қыркүйек айында 2019-2020 оқу жылындағы «Тілдерді қолдану мен дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде өткізілетін іс-шаралардың жоспары бекітілді.

Мектеп құжаттары бір тілде жүргізу тәртібі сақталады: оқушылар мен педагогикалық ұжымның іс қағаздары, бұйрықтар, ақпараттық стенд материалдары, азаматтарды қабылдау, электрондық сынып журналдарын мемлекеттік тілде ресімдеу, мектепшілік шараларды мемлекеттік тілде жүргізу қолға алынған. Педагогикалық ұжымның барлық жиын-отырыстары да тек мемлекеттік тілде өтеді.

Тіл туралы Заңды іске асыру бағытында жоспар бойынша жұмыс атқарылуда.

Дәстүрлі түрде әр оқу жылының қыркүйек айында мектеп ұжымының ұйымдастыруымен оқушылар арасында Тілдер апталығының шеңберінде бірталай шаралар өткізіледі. Бес ӘБ өз жоспарын құрастырып, жоспар бойынша жұмыстарын жүргізеді. Барлық шаралар бекіткен уақытта өтеді. Мұғалімдер мен оқушылар апталықта белсенділіктерін танытады. ӘБ жетекшілері Тіл апталығы бойынша материалдары мен ақпараттарын талдап, мезгілімен тапсырады. Әр ӘБ жеке атап кетсек, келесі жұмыстарды атқарды:

Оқу жоспары бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша «Ағылшын тілі», «Қазақ тілі» *факультативтік* арқылы оқыту мазмұны бастауыш сатымен сабақтас және болашақта оқушылардың бұл бағыттарда білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Өткен жылдармен салыстырсақ:

2017-2018 оқу жылында тереңдетіліп оқытылған гуманитарлық пәндер:

Қазақ тілі – 6г, 8г, 10г, 11г; Ағылшын тілі – 5г7г, 9г.

2018-2019 оқу жылында тереңдетіліп оқытылған гуманитарлық пәндер:

Қазақ тілі – 5г,7г, 9г, 11г; Ағылшын тілі – 6г, 8г, 10г.

Ағылшын тілі пәнінен тереңдету сыныптарының саны бірқалыпты-3, қазақ тілі пәнінен - 4.

2019-2020 оқу жылында ағылшын тілі пәні тереңдетілген сыныптар – 5г, 7г, 9г, 11г., қазақ тілі пәні тереңдетілген сыныптар – 6 г, 8 г.

Оқу- тәрбие үрдісіндегі даралау, ізгілендіру, түрлендіру негізінде, оқушылардың қабілет мүмкіндігін терең ашу, жетілдіру мәселесіне үлкен көңіл бөлініп отыр.

Қазақ тілі пәні бойынша білім деңгейлері нөлдік, аралық, жылдық жазба жұмыстарын салыстыра отырғанда оқушылардың сауаттылығы, яғни білім деңгейлері біршама жетістіктерге жеткеніне анықталды. Оқушылардың білім сапасы – жоғары деңгейде 94%, ал оқу үлгерімдері мемлекеттік қалып бағдарламасын орындап, оптималдық (100%) деңгейге жетті. Жеткілікті жоғары деңгейге жеткен себебі -жазбаша жұмыстары жыл бойы жүйелі түрде өткізіліп, жазба жұмыстарында жіберілген қателерін психологиялық тұрғыдан іздестіріп, оның негізгі себептері анықталып, әр оқушы өзінің жіберген қателеріне талдау жасап отырғанынан. Оқушыларға ұқсас ережелерді тиянақты меңгерту мақсатында салыстыру әдісімен эксперименттік сабақтар жүргізілді.

Сабақ барысында оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріліп, қазақ тілі пәніне қызуғышылықтары оятылып отырды. Ата- аналармен кездесіп, үйде қадағалап отыруларына ұсыныс жасалды.

Ана тілі пәні бойынша оқушылардың білім сапасы – жеткілікті, оқу үлгерімі - оптималдық деңгейде. Әр тараудың соңында тест тексерістері алынып отырылды. Оқу жылының барысында оқушылардың оқу дағдылары, яғни дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқулары тексеріліп отырылды. Оқушылардың нәтижелері мемлекеттік стандартының сұранысына сай.

5-9, 10 –сыныптарда қазақ тілі пәнін тереңдетіп оқыту қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің авторлық бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. (рецензент: жоғары оқу орындарының оқытушылары).

Бағдарлы пәндерден оқушылардың тереңдете білім алуы үшін бейіндік атына сәйкес «Қолданбалы курстар» және «Жеке тұлғаны бағыттау компоненті» блоктарындағы көрсетілген оқу сағаттары «Француз тілі» үйірмелеріне, Әдебиет теориясы, Қазіргі қазақ тілі практикумы сағаттарына пайдаланылады. «Шығармашылық және зерттеу әрекетінің негізі бойынша сабақтан тыс жұмыстарға бөлінген 0,25 жүктемесі есебінен «Ағылшын тілі» үйірмелеріне берілді. Көптілдік білім беру бағытындағы эксперимент биология, физика факультатив курсы ағылшын тілінде оқытылады.

Мектепте 14 тіл маманы тілдердің оқытылуын жүзеге асырып жатыр. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі -6, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі -3, француз-1, ағылшын тілі ұстазы -4. 14 мұғалімнің барлығы жоғары білімді. Соңғы жылдармен салыстырғанда, мұғалімдерінің сапалық құрамы төмендегідей болды: Қазақ тілі мұғалімдерінің барлығы да жоғары білімді, мұғалімдердің сандық жағынан өзгеріс бар. Орыс тілі мұғалімдері барлығы да жоғары білімді. Пән мұғалімінің екеуі де - жоғары санатты. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірліктерді бекіту, ойын моделі, проблемалық оқытуды, кестелік оқытуды және белгілік модельмен жеделдетіп оқыту технологияларын іс-жүзіне асыруда.

Мұғалімдердің барлығы жоғары білімді. 2 мұғалім (Ильясова Г.Р., Куватова М.Б) «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елде магистратура бітірді.

Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатындағы өткізілген іс- шаралар:

Өскелен ұрпақтың рухани-имандылық дамуы және елінің мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп оқушыларына және ұстаздарға арналған қазақ тіліндегі көркем, танымдық әдебиеттер, әдістемелік құралдар мен мерзімді басылымдармен толық қамтамасыз етілген.

Қыркүйек айында тілдер апталығының аясында «Жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір» атты тілдер декадасына орай өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылды. Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту **мақсатында** тілдер күніне мектептің тіл пәніне қатысты қазақ, орыс, ағылшын, қытай, француз тілі пәні мұғалімдері толық қатысып іс-шаралар өткізді.

Қыркүйек айында Тілдер мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің апталығы ұйымдастырылып, тіл мамандарымен бірге «Латын графикасы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Желтоқсан айында филология ғылымдарының кандидаты, профессор А.Ф. Зейнуллина мен «Жебе» қоғамдық бірлестіктің жетекшісі Данияр Жұмаділұлының қатысуымен «Тәуелсіздік тұғыры» атты кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесудің басты мақсаты Тәуелсіздіктің бастауы ызғарлы Желтоқсан оқиғасынан тәлім алып, жастардың бойында еліне, жеріне деген ұлтжандылық сезімдерін тереңдете түсу, ұлттық рухани құндылықтарымызды бағалай білуге үйрету еді. Желтоқсан айында облыстық мәдениет, тіл дамыту және мұрағат ісі басқармасы өкілдерінің қатысуымен «Мемлекеттік тіл және жастар» тақырыбында кездесу өткізіліп, Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәселелері туралы оқушылармен ой бөлісті.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аханбаева Сандугуль Ермуратовна «Ақберен» байқауының жүлдегері Кенжебек Әлфарабимен бірге Павлодар қаласының «Ертіс таңы» телевизиялық бағдарламасының қонағы ретінде қатысқан болатын. Сонымен қатар, 2020 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» деген мақаласына орай болашақ дәрігер мамандығын таңдаған Қасым Айша, Рахымжанова Ботагөз, Балтан Назым «Мен өскенде дәрігер боламын» атты мақала жазды. Қасым Айшаның мақаласы республикалық «Білімді ел» қоғамдық-саяси газетінде басылып шықты.

Оқушылардың жетістіктерін атап өтетін болсақ:

1. Қунақпай Мәлике облыстық пән олимпиадасында 1-орын.
2. Нұрғали Мөлдір облыстық пән олимпиадасында 3-орын.

Облыстық ғылыми жоба сайысы:

11-сынып оқушылары Ахменова Әдия мен Қажатова Загина 3-орын.

Республикалық ғылыми жоба сайысына 11-сынып оқушысы Ахменова Әдия қатысты.

Тақырыбы: «Шәкәрім шығармаларындағы этнографизмдердің көрінісі».

7-«Г» сынып оқушылары Абигерова Дамиля, Совет Инабат «Зерде» оқушылардың облыстық ғылыми жобаларды қорғау жарыстарының 2-орын иегерлері;

7- «М» сынып оқушысы Нұртазина Мадина 2019 жыл- Жастар жылына орай «Жастар – біздің болашағымыз» атты республикалық эссе байқауының I дәрежелі диплом иегері.

9- «Д» сынып оқушысы Кенжебек Әлфараби «Ақберен» облыстық байқауының шығармашылық бағыты бойынша 2-орын иегері.

7-«Г» сынып оқушысы Капен Жәмила КИО онлайн олимпиадасының 2-орын иегері.

Облыстық қазақ тілі мен әдебиетінің «Жарқын болашақ» олимпиадасында 6-сынып оқушысы Адахан Жәңгір III орынға ие болды. Садыкова Жанерке облыстық Шоң би оқуларындағы эссе сайысында жүлделі II орынды, Облыстық Мәшһүр оқуларында жүлдерлі I орынды иеленді. Серікбаева Диляра облыстық Шоң би оқуларындағы эссе сайысында «Сөз шебері» аталымын жеңіп алды.

2018-2019 оқу жылында басталған – «Кітаппен сырласу» жобасы жалғасын тапты. Бірақ 2019-2020 оқу жылында жобаға өзгерістер енгізілген болатын. Оқырман белсенділігін арттыру және кітап оқу дәстүрін жаңғырту әр күн сайын сабақ кестесіне енгізіліп оқытылды. Мұғалімдер, оқушылар 20 минут көркем әдебиет, тарихи оқиғалар, поэзияға арнайды. Бұл жоба оқырманның танымдылығын, шығармашылығын арттырып, жеке дара өсуіне көмектеседі. Аптаның дүйсенбі, сейсенбі күндері – қазақ тілінде, сәрсенбі күні – орыс тілінде, бейсенбі, жұма күндері – ағылшын тіліндегі көркем әдебиет оқылады. *Оқу жылының соңында сол оқыған шығармалары бойынша қорытынды ретінде әр сыныпта поэзия кеші, конференция, мәнерлеп оқу, сурет байқауы ұйымдастырылып, өткізілу керек еді, өкінішке орай қорытынды іс шара өткізілмеді.*

2019-2020 оқу жылында «Ақындар мектебі» жүргізілген болатын. Үйірме жетекшісі – Тұрғанбек Сағаттың жетелеуімен мектеп оқушылары шығармашылық сайыстарда өз өнерлерін көрсете білді: облыстық Шоң би оқуларында ақындар мүшайрасында 8-сынып оқушысы Анияр Зере жүлделі II орынды, , Облыстық Мағжан оқуларында 6-сынып оқушысы Макаров Муслим жүлделі III орынды, Облыстық Мәшһүр оқуларында 6-сынып оқушысы Анияр Мұхаммед жүлделі II орынды қанжығасына басты.

Соңғы жылдардағы нәтижелерге тоқталатын болсақ, оқушыларымыз олимпиадалардан, ғылыми жобалардан да жетістіктерге жетіп отыр. Кестеден көріп отырғанымыздай, республикалық пән олимпиадасында қазақ тілінен 2012 жылдан бері жүлделі орындарға ие болып отыр.

Қорытынды: Мектепте ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, мәтіндегі тілдің қызметін жүйелі тани білетін, әдеби тіл нормаларын меңгерген, рухани мұраны қастерлейтін, қарым-қатынастық біліктілігі дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасалып отыр.

Проблемалар:

- Республикалық ғылыми жобалардан тіл пәндерінде оң көрсеткіштердің жоқтығы;
- оқулардан республикалық кезеңге өткен оқушылар жоқ.
- «Кітаппен сырласу» жобасы шеңберінде оқу мәдениетін дамытудың инновациялық түрлері жеткілікті түрде енгізілмеген. Кітапханашының оқу-тәрбие үрдісіне араласпауы, 20 минуттық оқу жоба бойынша қорытынды іс-шараның өтілмеуі.

Шешу жолдары:

1. 20 минуттық оқу жобасы бойынша кітапханашының қорытынды іс-шаралар жоспарын іске асыруы.
2. Тіл мамандары облыстық, республикалық деңгейде өтетін мәнерлеп оқуларға дайындықты арттыру арқылы жүлдегер санын алтыдан онға жеткізу;
3. Тілдер секциясы бойынша ғылыми жобалар жазу сапасын арттыру.

Білім беру мекемелерінде үштілділікті дамыту

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 19 наурыздағы №228 «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілде оқытуды енгізу жөніндегі экспериментті өткізу туралы» және 2004 жылғы 22 сәуірдегі №346 «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілде оқытуды енгізу жөніндегі эксперименталды жұмысты ұйымдастыру туралы» бұйрықтарына сәйкес облыстың 66 мектебінің бірі ретінде «Жас дарын» мектебінде эксперимент жалғастырылуда.

2019-2020 о.ж. үштілділік оқыту жайлы ақпарат

Пәндер	Физика	биология	Информатика	химия	Дүниежүзі тарихы	Жалпы сыныптар саны	Жалпы оқушылар саны
Сынып	8 М	9 М	-	-	-	2	
Оқушылар саны	27	21					48
инвариант							
вариатив	*	*					

Сертификатталған немесе диплом бойынша химия, биология, физика, информатика пәндерін ағылшын тілінде жүргізуге құқылы мұғалімдер жайлы ақпарат (2019-2020 о.ж.)

№	Мұғалімні аты-жөні	пәні	деңгейі	Диплом немесе сертификат	Курс	Жалпы жүктемесі	Ағылшын тілінде жүргізілетін сағаттар саны	Қосымша төлем ақысы
1	Қисап Айдана Серікқызы	биология	В 2	диплом	ПГПИ 17.05.2016	26	3	Бар
2	Мальчибаева Айым Муратовна	физика	С2	диплом		24	3	Бар
3	Абдрахманова Фарида Есимхановна	Химия	В1	сертификат	USTAS 07.12.2017	26	-	Жоқ
4	Смагулов Кайрат Тохарбаевич	физика	С1	сертификат	«Өрлеу» 07.09.2017	18	-	Жоқ
5	Момынов Куат Мырзатаевич	информатика	В1	сертификат	«Өрлеу» 07.09.2017	18	-	Жоқ

2019-2020 оқу жылында биология ағылшын тілінде 9 «М» сыныбында (21 оқушы, физика 8 «М» сыныбында (27 оқушы) факультатив сағаттары есебінен жүргізіледі. Бұл пәндер қазақ тілінде ағылшын тілін қолдану арқылы жүргізіледі. Аталған пәндерді оқытуда 48 оқушы қамтылды. Пәндерді жүргізетін пән мұғалімдері: Қисап Айдана Серікқызы өтілі- 2жыл, педагог - модератор, ПМПИ 2016 жылы аяқтаған, биология пәнін ағылшын тілінде оқыту құқығы бар биология мұғалімі; физика пәні мұғалімі Мальчибаева Айым Муратовна өтілі-1 жыл, санаты жоқ, диплом бойынша ағылшын тілінде оқытуға құқығы бар. Сонымен қатар, USTAS орталығының сертификат иегері. Пән мұғалімдері қазақ, орыс тілдерін еркін меңгереді.

Әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі: биология пәнінен оқу материалы, схемалар, кестелер, суреттер, фильмдер бағдарлама негізіндегі құрастырылған жоспарға сәйкес ғаламтордан алынады. 9- сыныпқа Астана баспасында шығарылған Grade 9, Оксфордта басылып шығарылған оқулықтар Longman 11-14 Biology. Aaron Bridges /Mark Levesley, Janet Williams / Chris Workman. Oxford. Core Biology Jaen Martin Cambridge . Biology Grade 9 Kenci Bayram, Ermetov Bakhtiyar, Ospankulova Elmira, Bayzhahanov Adilbek, Sagintayev Adlet . Астана кітап 2015 қолданылады.

Оқушылардың қызығушылығы бар. Оқу барысында тақырыпқа байланысты терминдерді біледі, түсінеді. Сынып оқушыларының түгелі сабақ мазмұнын ағылшын тілінде түсінгенмен, ойын тез, жетік жеткізе алмайтын оқушылар да бар.

Сабаққа қатысу барысында балалармен жұмыс жасауда Мальчибаева Айым Муратовна мен Қисап Айдана Серікқызымен көптілділікті жүйелі түрде қолданатындығы анықталды. Мұғалімдер балаларды ағылшын тілінде қарсы алады. Оқушының белсенді сөздігіне жаңа сөздер енгізеді . Бұрын үйренген терминдер мен сөздерді толықтырып отырады. Бұл жұмысты А.М. Мальчибаева белсенді және мақсатты түрде өткізе біледі. Мұғалім сабақ барысында ағылшын тілінде фразаларды тақырыпты түсіндіру кезінде де, тәрбиелік сәттерде де қолданады. Балалар назарларын бір тілден екінші тілге оңай ауыстырады. Оқушылары ағылшын тілінде берілген тапсырмаларды орындау барысында қиналмайтындығы байқалды.

Қисап Айдана Серікқызында әдістемелік – дидактикалық материалдарының жинынтығы жасалған.

Қыркүйек айында «Тілдердің үштұғырлығы - жан-жақты дамудың жолы» тақырыбында іс-шаралар өткізілді. Барлық дидактикалық материалдар мен нормативтік құжаттар тач- панельге орналастырылған. Бұл балаларға да, ата-аналарға да қол жетімді. Бүгінгі таңда физика және биология кабинеттері жабдықталған. Кабинеттер барлық қажеттіліктермен жабдықталған.

Сонымен қатар, ата-аналармен ақпараттық жұмыс жүргізіледі. Ата-аналармен баланың жан-жақты дамуы үшін көптілділіктің рөлі туралы әңгімелесулер өткізілді. Тексеру барысында оқушылар мен ата-аналар арасында көптілділікті енгізудің тиімділігі туралы сауалнама жүргізілді (пәндерді ағылшын тілінде оқыту)

Сонымен қатар, мектепте гуманитарлық бағытта оқытылатын сыныптарда француз тілі оқытылады. Батаева Қымбат Канашевна - жоғары санатты француз тілі мұғалім. Білімі жоғары. Қымбат Канашевна –өз пәнін жоғары деңгейде меңгерген, дайындығы шыңдалған білімді, білікті ұстаз. Ол педагогика мен әдістеменің теориялық негіздерін терең меңгерген. Интернет арқылы алынған түрлі мәтіндермен: шетел баспасы, карталар, буклеттер, авиабилеттер, ас мәзірі, фирмалардың құжаттары т.б. жұмыс істейді. Қымбат Канашевнаның кәсіби шеберлігінің арқасында соңғы бірнеше жылда оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық олимпиада жеңімпаздары. Францияда басылып шығатын әдістемелік нұсқаулармен, басылымдармен жұмыс істейді. Пайдаланатын оқулықтары:

1. 5-6-сыныптарда Marianne. Алматы баспасы.
2. Zoiseau bbeu. Ресей баспасы.
3. Enavant la musigue Франция баспасы.
4. 7-сыныптарда Marianne. Алматы баспасы.
5. Tout- va bien. Франция баспасы.
6. 8-сыныптарда Marianne. I деңгей. Алматы баспасы.
7. Alter- Edo. I деңгей. Франция баспасы.
8. 9-сыныптарда Marianne+ Алматы баспасы.
9. Panorama №1,2,3 Франция әдістемесі бойынша

10. Zoiseau bbeu. Ресей баспасы. 8-9-сыныптарға арналған.

Қорытынды: Мектепте үштілділік бағытындағы жұмыстар жақсы атқарылуда. Оқушылардың ой-өрісін өсіріп, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігі үнемі сезіндіріліп отырылады.

Проблема: Педагогтар өз тәжірибелерін облыстық, республикалық деңгейде тарату мәселесін қарастыру қажет.

Ұсыныс:

- білім алушылардың ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын дамыту, сол арқылы олардың білім және мәдени деңгейін көтеру;
- ағылшын тілдерінде ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуде қарапайым лексикадан басқа, сөз тіркестерін қолдану.
- тілдерді үйренуге тұрақты мотивацияны дамыту.
- ағылшын тілінде ақпаратты ауызша және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың білім сапасын арттыру үшін үш тілді білім беруді жүзеге асыру аясында білім беру үдерісінің сапалы өзгеруі үшін жағдайлар құруды қамтамасыз ету;
- пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту әдістемесі негізінде (CLIL) оқыту тәжірибесін жетілдіру.

Тереңкөл аудан мектептерімен «Өзара әрекеттестік және кәсіби қолдау – заманауи білім беру жолдарының тиімді түрлерінің бірі» жобасы аясында өткізілген іс – шаралар бойынша

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың тиімді жолдарының бірі - жақсы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс. Оқу-тәрбие мәселелерін шешуде үнемі тәжірибе жинақтап, оқытудың жаңа әдістері мен формаларын ұтымды және нақты пайдалану қажеттілігіне байланысты әдістемелік жұмыстың рөлі қазіргі жағдайда айтарлықтай артып келеді.

Өзара әрекеттестік және кәсіби қолдау бойынша жүргізілген жұмыстарды **талдаудың мақсаты:** атқарылған шаралардың нәтижелілік деңгейін анықтау.

Жыл басында **жобаның мақсаты** айқындалған болатын: бірлескен әдістемелік іс-шаралар арқылы «Жас дарын» мектебінің мұғалімдері мен Тереңкөл ауданы мектептерінің мұғалімдері арасындағы өзара әрекеттестік жүйесін ұйымдастыру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі **міндеттер** анықталды:

- жаңа мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес мұғалімдерді әдістемелік қолдау;
- жаңа педагогикалық технологияларды игерудегі мұғалімдердің әдістемелік деңгейін көтеру;
- интеллектуалды қабілеттері дамыған (дарынды) балалармен жұмыс;
- әртүрлі формадағы озық педагогикалық тәжірибені іздеу, синтездеу, талдау және енгізу;
- пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету;
- мұғалімдердің өзіндік білім алуына және өзін-өзі дамытуына әдістемелік қолдау көрсету.

Іс-шаралар барысында әдіснамалық жұмыстың әртүрлі формалары дәстүрге айналды, бұл бізге қойылған мәселелер мен міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- баяндамалар;
- шебер- сыныптары;
- проблемаларды талқылау;
- коучинг;
- ашық сабақтар;

I жартыжылдық аралығында екі семинар өткізілді. Бірінші семинар Тереңкөл ауданында өткізілсе, екінші семинар «Жас дарын» мектебінің базасында «Ашық есік күні» форматында өткізілген болатын.

Өзара әрекеттестік және кәсіби қолдау – заманауи білім беру жолдарының тиімді түрлерінің бірі» жобасы аясында – өткізілетін **№ 1 семинардың тақырыбы - «Заманауи мектептің білім беру жүйесі»** деп анықталды. Семинар 30 - қазан күні өткізілді. Іс – шара модераторы болып мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахшалова Данира Каскирбековна тағайындалды. Шығармашылық топқа мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахшалова Данира Каскирбековна, математика пәні мұғалімі Кожагельдинова Гульназы Нигиметовна, мектеп директорының ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары Шайхимов Айдар Аблаевич, мектеп директорының ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Қалым Гүлжазира Мұратбекқызы және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аниязова Марал Оралбекқызы кірген болатын. Қатысушыларға бағдарламалар таратылып, тіркеу жүргізілді. Жалпы семинарға 65 мұғалім қатысты.

Семинар пленарлық отырыс және секциялар жұмысынан тұрды. Пленарлық бөлімінде «Жас дарын» мамандандырылған мектебінің математика пәні мұғалімі Кожагельдинова Гульназы Нигиметовна өз баяндамасында «Жас дарын» мектебі мен Тереңкөл ауданы мұғалімдері арасындағы өзара әрекеттестік жұмыстарының мақсат – міндеттері жайлы айтып кетті. Сонымен қатар, білім беру процесінде ғылымның инновациялық жетістіктерін енгізу, зерттеудің жаңа интеграцияланған бағыттарын бірлесіп әзірлеу, жоғары білімді профессор-оқытушылар құрамын даярлау бағыттарын жаңғырту және әртараптандыру, өзара іс-қимылдың инновациялық нысандарын дамыту және педагогикалық білімді интеграциялауды енгізу, ғылым және бизнес құрылымдары, мұғалімдерді семинарлар мен ашық сабақтар арқылы біліктілігін арттыру, «Жас дарын» мектебінің базасында ашық іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отырғанын айтып өтті.

Секциялар жұмысы барысында әртүрлі форматта жеті шара ұйымдастырылды. Мектеп директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, математика пәні мұғалімі Ахшалова Данира Каскирбековна бір коучинг және бір шебер – сынып өткізген болатын. «Математика пәні бойынша бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» тақырыбындағы шебер - сынып барасында Данира Каскирбековна мұғалімдерге ТЖБ спецификациясымен жұмыс жасауды, ойлау дағдысына сай түрлі деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеу жолдарымен таныстырып өтті.

Директордың ғылыми – әдістемелік жөніндегі орынбасары, химия пәні мұғалімі Қалым Гүлжазира Муратбековна «Химия сабағында оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыратын интербелсенді үлестірімелер» және «Оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыратын интерактивті үлестірімелер» тақырыптарында өткізілген коучингтерінде оқушылардың өткен тақырыптар бойынша білімдерін тексеру, өз-өздерін және бірін – бірі бағалау, жаңа тықырыпты өту барысында интербелсенді үлестірімелерді қалайша тиімді қолдануға болатындығын айтып өтті.

«Жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндерді оқытудағы модельдеу» тақырыбы бойынша мәселелерді директордың ақпараттандыру жөніндегі орынбасары, информатика пәні мұғалім Шайхимов Айдар Аблаевич көтерді. Химия, физика пәндері бойынша тәжірибелік жұмыстарды модельдеу әдістерін көрсетіп өтті. Сонымен қатар, компьютерлік есептеулердің тиімді жолдарын ұсынды.

Гульназы Нигиметовна пленарлық отырыста баяндама жасауымен қатар бір шебер – сынып, бір коучинг өткізген болатын. «Сабақты зерттеу әдістері – білім сапасын көтеру жоладрының бірі», «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіруге арналған тапсырмалар» шаралары барысында қатысушылар оқушылардың функционалдық оқу

сауаттылығын арттыру, ФС төмен оқушы қандай болады?, функционалдық сауаттылықты дамытуда кездесетін кедергілер және оны жою жолдары, ФС қалыптастыру оқушы өміріндегі маңызы қандай? , - деген сұрақтарға жауап алды.

Шаралар бойынша қорытынды жасалды. Әріптестер келесі кездесудің мақсат – міндеттерін анықталды.

«Өзара әрекеттестік және кәсіби қолдау – заманауи білім беру жолдарының тиімді түрлерінің бірі» жобасы аясында өткізілген іс – шаралар өз жалғасын 17 - қаңтар күні «Жас дарын» мектебінде тапты. Осы жолы өткен кездесу «Ашық есік күні» форматында өткізілді. Бұл күні Тереңкөл ауданына келген әріптестер пленарлық отырысқа қатысып, ашық сабақтар, сабақтан тыс іс – шаралар, коучинг, шебер – сыныптарға қатысты. Сонымен қатар, семинардың соңында конструктивті кері байланыс жасалып, мәселелер анықталып, келесі кездесудің сұрақтары анықталды.

Пленарлық отырыста мектеп директоры Жанғазы Гүлнар Садыққызы «Жас дарын» мектебінің оқу – тәрбие үрдісіндегі ерекшеліктер жайлы баяндап өтті: мектептің миссиясы, қосымша білім беру курстары, материалдық – техникалық база, дарынды оқушылармен жұмыс жүйесі т.б. Гүлнар Садыққызы мектеп оқушылары мен ұстаздарының жетістікке жету жолдарының бірі – мотивациялау, марапаттау, мадақтау екендігін айтып өтті.

Екінші баяндамашы - директордың инновация жөніндегі орынбасары Бельгибаева Гүлшекер Манатқызы. Гүлшекер Манатқызы «Білім беру жүйесін модернизациялау - Z ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың басты шарты» баяндамасында «Ұрпақ теориясын» білу тәрбиешілер, мұғалімдер, ата-аналар және балаларға не беретіні жайлы, «Z» ұрпақты қалайша оқыту қажет, «жаңа формациядағы» мұғалімге қандай талаптар қойлатыны жайлы айтып өтті.

Семинардың екінші бөлімінде қатысушылар өз қалаулары, қызығушылықтарына қарай бес топқа бөлініп, коучинг және шебер – сыныптарға қатысты. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде беретін мұғалімдер «Жас дарын» мектебінің биология және физика пәндерінің мұғалімдері Қисап Айдана Серікқызы, Мальчибаева Айым Муратовнаның «Көптілді білім беру аясында қолданылатын тиімді әдіс – тәсілдер» тақырыбындағы коучингтеріне қатысты. Коучтар «Біреуі үйде, төртеу қонақта», «Галерея» әдістері арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын қалайша қалыптастыруға болатындығы жайлы мәлімет берді.

«Жас дарын» мектебінің басты бағыттардың бірі – дарынды оқушылармен жұмыс. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, мектептің ОРМ жетекшісі Бегежанова Ақмарал Еркенжасовна өткізген «Эффективные приемы подготовки к олимпиаде по русскому языку и литературе» шебер – сыныбы «Яркое пятно» әңгімесімен басталды. Келесіде Ақмарал Еркенжасовна олимпиаданың екі турында берілетін тапсырмалар және бағалау жүйесімен таныстырды.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепте көптеген үйірме, секциялар, факультативтік сабақтар, элективтік курстар ұйымдастырылған. Солардың бірі – ағылшын тілі пәні мұғалімдері Казангапов Аблайхан Кажымуратович пен Даулбаева Камила Муратовна жетекшілік ететін «Ағылшын тілінің білгірлері» клубының жұмысы. Келген қонақтар осы клуб отырысының қатысушыларымен танысты. Әдемі, ерекше костюм киген 5- сынып оқушылары «Гарри Поттер мен достарының саяхаты» тақырыбындағы шарада сайысқа түсіп, білімдерінің жоғары деңгейін көрсете білді.

Бүгінгі күні білім саласында көтеріліп жатқан мәселелердің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығы. Функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Өкінішке орай, PISA халықаралық зерттеулері бойынша ҚР төмен көрсеткіш көрсетуде. Осы мәселені шешу жолдарының бірі - мұғалімдердің жаңартылған білім беру бағдарламасының идеясына көзқарастарын, рефлексивті ойлау, оқыту үдерісін жоспарлау

және оның болашақ педагогикалық тәжірибе мен дағдыларды жетілдіруге ықпал ету. «Қазақ тілінде PISA халықаралық зерттеу тапсырмаларын орындату арқылы оқушылардың таным көкжиегін кеңейту» тақырыбындағы өз шебер – сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кабылова Айсулу Мажитовна PISA зерттеулердің құралдары: тест тапсырмалары бар буклеттер, білім беру ұйымының әкімшілігіне арналған сауалнама, білім беру ұйымы оқушыларына арналған сауалнама, тест өткізу туралы нұсқаулық, білім беру ұйымының үйлестірушісіне арналған нұсқаулық, тест тапсырмаларын бағалау, мәліметтерді енгізу және өңдеу жөніндегі нұсқаулықтармен жұмыс жасау бойынша ұсыныстар берді.

Көп жылдар бойы мектеп түлектері ҰБТ және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша математика пәнінен жоғары нәтиже көрсетуде. Байсарин Ертас Мадениетович ұсынған «Математика пәні бойынша қорытынды аттестаттауға дайындаудың тиімді әдістері» шебер – сыныбында қатысушылар есеп шығару жолдарын қарастырып, тәжірибелерімен бөлісті.

Келесі бөлім – «Ашық сабақтар панорамасы» деп аталды. Жоспар жасаған кезде, барлық пәндерді қамтуға тырыстық. Жалпы 10 ашық сабақ өткізілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сырттанова Айнаш Тоқтарханқызының «Биоалуантүрлілік. «Қызыл кітапқа енген жануарлар» тақырыбындағы сабақта оқушылардың берілген мәліметтерді қолдана отырып диаграмма, сызба, кестеге айналдырғанду, деректі пайдаланып, қорытынды жазу, ғылыми деректерді қолданып, диалог құрастыру дағдыларын көре алдық.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аханбаева Сандугуль Ермуратовна М. Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасының мазмұны, тақырыбы мен идеясын ашуға бағытталған тапсырмаларды орындату барысында құрастырылған дескриптор мен критерийлер арқылы оқушыларды бағалау түрлерін көрсеттіп шықты.

«Ашық сабақтар панорамасының» шеңберінде екі математика сабақтары өткізілді: «Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару» тақырыбында, мұғалім - Омарова Қымбат Ораловна және «Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер» тақырыбында, мұғалім - Доспай Малика Манарханқызы. Қымбат Ораловнаның сабағында ерекше көзге түскен кезең - жаңа сабақты бекіту кезеңі. Бекіту «Қызықты математика» ойыны арқылы жүргізілді. Бұл ойынға 5-6 адамнан тұратын топтар қатысып, карточкаларда берілген түрлі деңгейдегі есептер шығарылды.

«Су – өркениет дәуірінде». «Вода в эпоху цивилизации» тақырыбындағы сабақты Аниязова Марал Оралбековна мен Куставлетова Айгуль Баяновна Time tiching форматында өткізді.

Тарих пәнінің мұғалімі Какабаева Айнаш Маматаевна «Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары» тақырыбындағы сабағында оқушылар «Ментальды картасымен» жұмыс жасауды көрсетті.

Барлық сабақтар жоғары деңгейде өткізілді. Жоспарланған жұмыс түрлері толығымен іске асты. Қойылған мақсаттар орындалды.

Үшінші бөлім – «Кері байланыс». Мектептің акт залында семинарға қатысушылардың барлығы жиналып, әріптестер бір – біріне конструктивті кері байланыс берді. Тереңкөл ауданы мектептерінен келген әріптестер өткізілген шаралар бойынша пікірлерін айтумен қатар, ортаға өзекті мәселелерді де шығарды:

1. Аудан мектептерінің мұғалімдері арасында педагог – шеберлердің саны аз болуы. Себептері: жетістіктердің аз болуы, оқу – әдістемелік кешендер, авторлық бағдарламалардың, тәжірибе тарату, жалпылауының болмауы;
2. Мектеп оқушыларының арасында республикалық, облыстық пән олимпиадаларының жүлдегерлерінің аз болуы;

Проблемаларды екі жақ бірдей талқылай отыра, келесі шешім қабылдады:

- Ақпан айында «Табысты мектеп және оның даму жобалары» тақырыбындағы семинар, мамыр айында өткізілетін «Мектеп пен ғылым әлімінің қауымдастығы» тақырыбындағы «Ашық есік» күндерінің жұмыс жоспарына «Авторлық бағдарлама құрастыру», «Дарынды оқушылармен жұмыс», «Оқу - әдістемелік кешенді әзірлеу» тақырыптары бойынша шаралар енгізу.

Атқарылған шараларды талдау арқылы келесі қорытынды жасауға болады:

1. Әдістемелік қолдау беру нәтижесінде берілген теориялық білімдерді тәжірибемен ұштастырды;
2. Жаңа педагогикалық технологияларды игерудегі мұғалімдердің әдістемелік деңгейлері көтерілді;
3. Аудан мектептерінің интеллектуалды қабілетті оқушыларының тізімі анықталды;
4. «Ашық сабақтар панорамасын» өткізу арқылы озық педагогикалық тәжірибелер таратылды;
5. Пән мұғалімдерінің кәсіби қауымдастықтары құрылды;

II жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға келетін болсақ, енгізілген карантин режиміне қатысты жоспарланған шаралар форматы өзгерілді.

Кездесулер, іс – шаралар онлайн – семинарлар, онлайн – мектептер түрінде өткізілуде.

Жұмыс бір неше бағытта жүргізіледі деп жоспарлануда: педагогтарға әдістемелік көмек көрсету, дарынды балалармен жұмыс және 11- сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау. Әр бағыт бойынша арнайы жоспар жасалды.

Сауір айының 23 күні кәсіби өзара іс – қимыл мен қолдау жұмысын іске асыру мақсатында және Терекөл ауданы мектептерінің ұстаздарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында зерттеу қызметін ұйымдастыру» тақырыбында онлайн – семинар өткізілген болатын. Семинардың модераторы – оқушылардың ғылыми қоғамдастығының жетекшісі – Утилова Айгүл Мұратқызы өткізген болатын. Семинар ZOOM платформасы өткізілді. Жалпы онлайн – семинарға 29 мұғалім қатысты. Аудан мектептерінің педагогтары ғылыми жоба жазу алгоритмімен танысып, көптеген сұрақтарға жауап алды. ПМУ физика -математика ғылымдарының кандидаты, «Жас дарын» мектебінің физика пәні бойынша олимпиадалық резерв мектебінің жетекшісі Досанов Талгат Сапарғалиевич e-mail, WhatsApp платформалары арқылы апта сайын аудан мектептерінің ұстаздарына олимпиадалық есептерді шығару жолдарын ұсынуда. ПМУ, PhD докторы Уалиева Римма Мейрамовнамен Zoom платформасы арқылы «Генетика бөлімінен есепте шығару» тақырыбында семинар өткізу жоспарлануда.

27 сауір күні ZOOM платформасы арқылы тағы да бір онлайн – семинар өткізілген болатын. Модератор - Музыка Светлана Геннадьевна, ПМПУ аға оқытушысы ұстаздарға «Су ерітіндісінде қышқылдық-негізгі титрлеу» тақырыбындағы есептерді шешу жолдарын көрсетті.

11 мамыр күні онлайн – конференцияны Торайғыров атындағы ПМУ биология және экология кафедрасының PhD докторы Уалиева Рима Мейрамовна «Решение задач по генетике» тақырыбында өткізді. Конференцияда пән мұғалімдері Харди – Вайнерберг заңына сүйене отырып, ұрпақтың генеологиялық талдауын жасауды үйренді.

Дарынды оқушыларды қолдау жұмыстарына келетін болсақ, «Жас дарын» мектебінің математика пәні бойынша олимпиадалық резерв мектебінің жетекшісі Текенов Арыстан Анатольевич аудан мектептерінің дарынды 7-8 сынып оқушыларымен жасөспірімдер олимпиадасына дайындық өткізуде.

ҰБТ - ға дайындық жұмыстарына тоқталатын болсақ, «Жас дарын» мектебінің 11-сыныптарда жұмыс жасайтын ұстаздар өз пәндері бойынша аудан мектептерінің түлектерімен жұмыс жасау кестесін құрастырды. Қазақ тілі пәні бойынша Кабылова Айсулу Мажитовна, математика пәні бойынша –Кожгаельдинова Гульназы Нигиметовна, химия пәні бойынша –

Абдрахманова Фарида Есимхановна, физика пәні бойынша – Смагулов Қайрат Тоқтарбаевич, Қазақстан тарихы пәні бойынша – Какабаева Айнаш Манатаевна, дүние тарихы пәні бойынша – Итемгенов Бақытбек Упышевич.

Жұмыс жүйеге қойылды. Дегенмен, әлі де шешілмей тұрған мәселер бар.

Проблема:

- Ауданда орыс тілінде оқытылатын мектеп бар. «Жас дарын» мектебі мемлекеттік тілде оқытылатын мектеп болғандықтан, пән мұғалімдері оқушыларға көмек жасай алмады.
- Түрлі техникалық мәселелерге қатысты оқушылардың көбі уақытымен байланысқа шыға алмайды.

Шешу жолдары:

- Аудан мұғалімдеріне әдістемелік көмек беру арқылы іске асыру. Яғни, орыс тілінде пәнді меңгерген ұстаздарды тарту.
- Өзіндік жұмыс жасау түрлері қарастырылуда.

Тәрбие жұмыс бойынша 2019-2020 оқу жылында өткізілген тәрбие іс – шаралары бойынша талдау

Мақсаты:

1. Оқу жылында өткізілген тәрбие іс – шараларына 8 бағыт бойынша талдау жасау.
2. 2019-2020 оқу жылында еңгізілген жаңалықтардың, өзгерістердің тәрбиелік мәнін айқындау.

Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі Қазақстан Республикасының келесі Заңдары, тұжырымдамалары мен бағдарламалары бойынша іске асырылады:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

2.«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

3.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

4.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

5.«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІҮ Заңы;

6.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

7.Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;

8.«Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

9.«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;

10.Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген;

11.«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» (08.05.2009ж),

12.Қазақстан Республикасының «Саламатты Қазақстан» денсаулықты дамыту бағдарламалары және т.б. құқықтық құжаттарды тәрбие үдерісінде басшылыққа алады.

13. 2019-2020 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Мектептің тәрбие жұмысының **мақсаты** білім беруді модернизациялау жағдайында, заман талабына сай, кез келген ортада бейімделе алатын тұлға тәрбиелеу, келесідей **міндеттер** шешу көзделіп отыр: оқушыларды құбылмалы ортаға бейімделе алуына үйрету, көмектесу; оқушылар бойында проблеманы шешу, әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау, өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеттерін дамытуға жағдай жасау; ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Өткен оқу жылының тәрбие жұмысына жылдық талдау жасалынды, проблемалар айқындалып оларды шешу мақсатында шаралар жоспарланып іске асырылды.

Мектептің жылдық тәрбие жоспарында **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, оқушылардың бос уақытын қамту, оқушыларға кәсіптік бағдар беру** жұмыстарын іске асыруға бағытталған шаралар жоспарланды.

Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларында тәрбие бағыттары бойынша шаралар жоспарланып, тоқсан сайын өткізілген шараларға талдау жүргізіліп отырды. Сынып жетекшілерінің қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес іске асырылды.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамту, құқұқ бұзушылық, жарақаттану, суицидтің алдын алу, бос уақыттарының қамтылуы, 9-11 сынып түлектерінің оқуға және еңбекке орналасуы, СӨС қалыптастыру жұмыстарының жүргізілуі МІБ жоспармен сәйкес педагогикалық кеңес, директор жанындағы жиналыс пен сынып жетекшілер әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында қаралып отырды.

2012-2013 оқу жылынан бастап мектептің тәрбие үдерісіне НЗМ іс тәжірибесінен енгізілген жобалар тиімді қолданылуда. Атап өтетін болсақ: «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы, «Флешмоб», «Ақпараттық жиындар», «Кітаппен сырласу», «Туған жерге тағзым», «Рейтинг», «Патриоттық әндер» жобалары.

Оқу жылының басында оқушылардың **апталық жұмыс циклограммасы** бекітілді. Ол циклограмма бойынша, таңертең оқушылар мектепке келгенде, сабақ алдындағы 5 минуты арнайы ұйымдастырылған түрде өткізіледі. Яғни, оқушылар дүйсенбі күні ҚР мемлекеттік әнұранын және «Жас дарын» мектебінің әнұранын орындаса, сейсенбі күні «Флешмоб», сәрсенбі күні «Менің мамандығым» жобасы, бейсенбі күні «Ақпараттық жиын», жұма күндері «Патриоттық әндер» жобасы өткізілді.

«**Рейтинг**» жобасы бойынша сынып жетекшілер сынып белсенділеріме бірге сыныптың рейтингілік картасын толтырып тапсырып отырды. Оқушылардың алған рейтингісі «Біржола, мәңгілік жеңіске жетуге болмайды, күн сайын жеңіске жетіп отыру қажет» деген арнайы стендте көрсетіліп, жылдың аяғында жеңімпаздар анықталды.

Мектебімізде өскелең ұрпақты белсенді **патриоттыққа тәрбиелеу**, отаншылдық рухын, патриоттық сезімдерін нығайту мақсатында жыл бойында тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіледі. Мектеп оқушылары әскери-патриоттық бағытында өткізілген облыстық сайыстарға белсенді қатысты. 7-Мамыр күніне орай мектепте онлайн түрінде енген «Жігіт сұлтаны» сайысы өткізілді.

Мектептің АӘД мұғалімі Ж.Қ.Маненовтың ұйымдастыруымен мектеп оқушылары Әскери даңқ мұражайына барып, соғыс тарихына саяхат жасап, сол замандағы қару-жарақтармен, сарбаздардың хаттарымен танысты.

Мектепте **рухани-адамгершілік, эстетика бағыттары бойынша тәрбие жұмыс жүйесі** қалыптасқан.

«Қайырылымдылық жасау-ізгі қасиет», - демекші мектептің тәрбие жүйесінде оқушы бойына осы қасиетті қалыптастыру жұмыстарына ерекше мән беріледі. Жыл бойы мектепте «Жүректен-жүрекке» акциясы жүргізілген болатын. Мектеп оқушылары, ұстаздар ұжымы, ата-аналары арнайы белгіленген бокстар арқылы тұрмысқа қажеті заттарды жинап, көмекке мұқтаж адамдарға таратып отырылды. Атап өтетін ерекше шаралардың бірі – мектеп түлектері мен ата-

аналарының аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп жатқан, мектептің 2 оқушысына 34 000 теңге көлемінде жасаған сыйлықтары (жазғы лагерьге жолдама).

Оқушылардың **мәдени-рухани** дамуына өз үлесін қосатын облыстық Абай, Мағжан, Мұқағали, Махамбет оқулары, т.б байқаулар. Бұл сайыстарда оқушылардың жүлделі орындар алулары рухани тұрғыда дамығанын көрсетеді. Мектепшілік дәстүрлі «Алтын күз» сияқты сынды шаралар оқушылардың мәдени-рухани, жеке дара дамуына мол үлес қосады. Өкінішке орай биылғы жылда тотенше жағдайларға байланысты «Наурыз» мерекесі өткізілмеді.

Мұғалімдер күніне орай ақ орда залында **мерекелік концерт** ұйымдастырылды. Концертті ұйымдастырушы 10 – «М» және 10 - «Г» сынып оқушылары. Сынып жетекшілері: Бельгибаева Г.М.. және Сыпатаев Е.В. Оқушылар мұғалімдерге арнап ән шырқап, көріністер көрсетті.

9– «М», 9 «Г», 9 «Д» сынып оқушыларының ұйымдастыруымен **«Болашақ» мектебінің бір күні атты өзін - өзі басқару күні** өтті. Оқушыларды жетелеп, ұйымдастырған сынып жетекшілері: Какабаева А.М., Даулбаева К.М. және Аниязова М.О. Бұл күннің оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор болды. Олар белгілі бір мәселеге қатысты өз алдына дербес шешім қабылдап және оны жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы олардың жеке тұлға ретіндегі дербестігін дамытты.

1-Мамыр күніне орай 5-6 сыныптар арасында онлайн түрінде «Бірлігіміз жарасқан» шығармашылық сайысында оқушылар Қазақстан елін мекендеген ұлттардың салт – дәстүрлерімен таныстырып, ән, билерін орындады.

Күзгі, қысқы, демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында сынып жетекшілері арнайы жоспар құрып, іске асырды. Оқушылардың көпшілігі мектептегі қосымша сабақтарға қатысып, көпшілігі «Зерде», ғылыми жобалар сайыстарына дайындалса, 11-сынып оқушылары ҰБТ дайындығында болды.

Елбасының «Рухани жаңыру» бағдарламалық құжаттың «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» 1- бөлімінде тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтеді. Елбасы жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз қажет деп санайды. Ол үшін **«Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары»** немесе **«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы** керек деген болатын. Осы жоба аясында мектептің 75 оқушысы «Шымкент - Отрар – Түркістан» маршруты бойынша, 100 оқушысы «Алматы – жасыл қала» маршруттары бойынша көктемгі демалыс кезінде баруға ұйымдастырылған еді, бірақта бүкіл әлемдік пандемияға байланысты экскурсия тоқтатылды.

Абайдың 175 жылдығына орай қантай айында 10 «Г» сыныбы Бельгибаева Г.М. жетелеуімен Семей қаласында орналасқан Абай мұражайына барып қайтты.

Эстетикалық бағытындағы шаралардың бірі - **жаңа жыл кеші** мектептің спортзалында ұйымдастырылды. Кешті трио өткізді. Залды безендіруге жауапты сыныптар 8 «М», 8 «Г» сыныптары болды. Сынып жетекшілері: Гарифуллина С.Г., Бегежанова А.Е.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында да көптеген шаралар өткізілді. Денсаулықты дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында СӨС орталығы жұмысының қызыметі жоспар бойынша әр-түрлі айлықтар мен акциялар арқылы іске асырылатыны анықталды. Мектеп оқушылары зиянды заттардың қолдануын алдын алу, «Тұмау мен жұқпалы вирустық аурулардың алдын алу», АҚТҚ/ЖҚТБ –ның алдын алу мәселелері бойынша қалалық әр-түрлі жобаларға белсенді қатысады.

Мектеп оқушылардың 100% тамақпен қамтылған, жалпы ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны- 389 / 100%, оның 24-і тегін тамақтанады. Жаппай оқыту қорынан аз қамтылған және көпбалалы отбасы балалар – 20, 4 оқушы арендатор және 1 бала қамқоршылық кеңесінің есебінен тамақтанады.

Мектеп бойынша ДБК анықтамасы негізінде дене тәрбиесінен босатылған оқушылар болғанымен, арнайы медициналық топ жоқ.

Оқушылардың денсаулықтарын нығайту мақсатында 2019 жылдың 7 қыркүйегі күні мектеп болып «Зеленая роща» демалыс орнына табиғат аясына саяхатқа шықты. Саяхатқа шығар алдында Павлодар облысы білім беру басқармасының басшысы Д.Болатханұлына, қалалық спорт және туризм басқармасының басшысы Р.М. Қасқырбаевқа сұраныс хаты жазылып, рұқсат алынды. Мектептен шығар алдында оқушыларға «Қауіпсіздік ережелері» түсіндіру жұмыстары

жүргізілді. Сынып оқушыларына, мұғалімдеріне және ата – аналарына дене тәрбиесі мұғалімдері арнайы спорттық іс – шаралар ұйымдастырып өткізді. Жалпы аталған іс – шара өте көңілді, қызықты, қозғалыс ойындарына, шығармашылық тапсырмаларға толы іс – шара болды.

Сонымен қатар, мектепте СӨС бойынша ата-аналардың қатысуымен өткізілетін дәстүрлі «Көңілді старттар» сайысын атап өтуге болады. Биылғы оқу жылы «Омлюд» мектебінің базасында облыстық мектептердің ата-аналар командалары арасында волейбол турнирі өткізілді. Әр командаға бағалы сыйлықтар беріліп, турнир қорытындысы бойынша мектеп командасы ІІ орынға иеленді. Қантар айында мектебіміздің директоры С.Т.Хасанованы еске алу құрметіне арналған облыстық шахмат турнирі де жоғары деңгейде өткізілді.

Тәрбие жұмысында салауатты өмір салтының қалыптастыру жұмыстары оқушылардың денсаулығын нығайтуда, психологиялық денсаулықты сақтау күшейтуде он жағынан танытқаны байқалды.

Құқықтық тәрбие жұмысының жоспары «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы негізінде құрылған.

Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен оны болдырмау мақсатында жылдың басында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары құрылып іске асырылды. Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және ДТЖО-мен бірге қадағалауға алынады.

Құқық бағыты бойынша өткізілетін шаралар оқушылар бойында жауапкершілік, өз құқықтары мен міндеттерін білу, өздігінен дұрыс шешім қабылдай білу, әлеуметтік ортаға бейімделе білуге, балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын іске асыруға жағдай жасау, дағдыларын дамыту бағытталған.

Оқушыларға тәрбиенің ықпалы үйлестіріліп, олардың мақсатты түрде сабақтан тыс қандай да бір іспен шұғылдануы мектепте қатаң басшылыққа алынған. Ол біріншіден, сынып жетекшілерінің оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруы бойынша жұмысы. Сынып жетекші және мектеп әкімшілігі оқушыларының сабақтан тыс қандай үйірмеге немесе қандай қосымша сабаққа қатысатынын арнайы құрастырылған кесте арқылы қадағалайды. Әр оқушыға жеке «Даму картасы» жасалды. Оқушылардың жеке – дара оқу консультациялары, қызығушылығы бойынша үйірмелерге, спорттық секцияларға қатысуы, ғылыми жобалар мен олимпиадаға дайындық уақыттары, күндері, мекен – жайы мен уақыттары толықтай жазылған. Сонымен қатар, сынып жетекші, пән мұғалімдері, оқушы және ата-ананың біріккен шешімдерімен оқушының бейімділігі бойынша даму жоспары әзірленді.

Мектепте волейбол, баскетбол, футбол, тоғызқұмалақ, шахмат, жеңіл атлетика спорттық секциялар кестеге сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар, «Вокал», «Би», «Домбыра», «Роботехника», «Шахмат», сынды үйірмелер жұмыс жасауда. Секция, үйірмелердің жоспары, кестесі, оқушыларды тіркеу журналы бар. Мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық жоспардары, сабақ жоспарлары тексеріске алынып отырды.

Сонымен қатар мектепте енгізілген **тиімді жаңашылдықтардың бірі** – ақылы «Журналистика», «Актерлік шеберлік», «Фото-видео монтаж», «Алтын оймақ», «СТЕМ», «Бағдарламалау» курстарының жұмысы. Аталған курстар оқушының жан-жақты дамуына зор ықпалын тигізді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы негізінде, мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын толық қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау бойынша мектебімізде 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін **бүкілреспубликалық «Мектепке жол» акциясы** өтті. Акцияның көздеген мақсаты бойынша мектебімізде аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаппай оқыту қорынан көмек көрсетілді. Олар: Исамбаева Тамила 10 «М», Ақан Мерей 9 «Г», Еділбай Назерке 9 «Г», Тельман Айғаным 8 «Г», Тельман Айдана 9 «Г», Абигерова Дамелі 7 «Г», Белекей Айша 9 «Д», Молшина Алнур 8 «М», Балтабек Аяжан 8 «М», Омаров Данияр 8 «Г», Марданова Аяжан 7 «М», Армиш Мадияр 7 «М», Армиш Данияр 6 «М», Урумбаева Гаухар 6 «Г», Амангелді Камила 6 «М», Марданов Дінмухаммед 5 «М», Амангелді Аружан 5 «Г» сынып оқушылары.

Мектептің тәрбиелік іс – шаралары 1 қыркүйектен бастау алып кетті. Салтанатты жиында мектеп табалдырығын жаңадан аттаған 5- сыныптарды құттықтап, жазғы уақытта нәтижелерге жеткен оқушылар қоңырау соғу құрметіне ие болды.

Қыркүйек айының 1-2 аптасында оқушылардың жеке іс – қағаздары электрондық күнделік жүйесіне енгізілді.

Әр тоқсан аяғында тақырыптық ата – аналар жиналыстары өткізіліп отырды. Арнайы жоспар бойынша сынып жетекшілер мектептің жұмыс жүйесі жөнінде толық мәлімет беріп, қоңырау кестесі, оқушылардың сабақ кестесіне орай әр сыныптың оқу жүктемесі, асхана мәселесі, ас мәзірі, жыл бойы өткізілетін түрлі сайыстар, мектеп формасы, мектептің оқу-тәрбие үрдісі туралы айтылып отырды.

Бүгінгі күннің талаптарының бірі – мектептерде **«Қамқоршылық кеңес» жұмысын ұйымдастыру**. Тамыз айында мектеп сайты арқылы «Қамқоршылық кеңесінің» мүшесі болуына өтініштер қабылданатыны жайлы хабарлама жасалған болатын. Жалпы 19 өтініш тіркелді. Кеңестің алғашқы отырысында қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Исамбаева Гульсюер Гайфуттиновна тағайындалды. Жыл бойы көптеген жұмыстар атқарылды: мектепшілік іс-шараларды, жөндеу жұмыстарын өткізу барысында демеушілерді тарту. Сонымен қатар, оқушылар дарындылығын қолдау және дамыту, көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы балаларды қолдау. Қамқоршылық кеңес өздері ұйымдастырып, өткізетін дәстүрлі іс-шаралары да бар. Атап айтсақ, балалардың экономикалық құзыреттіліктерін арттыру бағытындағы **«Экономикалық кампания»**, **«Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі»** және дарындылықты қолдау бағытындағы **«Жұлдызды жаңбыр»** іс – шаралары.

Дәстүрлі **«Экономикалық кампания»** қазан, мамыр айларында өткізілді. Іс – шараға 5-11-сынып оқушылары мен ата – аналары, мұғалімдері тегіс қатысты. Іс – шараның қорытындысы жасалып, «Үздік бизнес жоспар» және «Табысты сынып» номинациялары берілді. Жалпы «Экономикалық кампания» іс – шарасы дәстүрге енген іс – шараның бірі болғандықтан шара еш қиындықсыз, жоспарлағандай іске асырылды.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында 11- сынып оқушыларымен көптеген кездесулер өткізілді: UIВ университетінің, Т.Рысқұлов атындағы университетінің, Назарбаев Университеті, С.Демирель атындағы университет, ПМУ, ПМПИ т.б. өкілдерімен.

Мамыр айында мектептің 9-11 сынып оқушылары мен ұстаздар ұжымы **сыбайластық жемқорлыққа қарсы** іс-қимыл туралы баяндаманың негізгі ережелері мен ұстанымдарын талдап өтті.

Мектеп түлектерінің оқуға түсу – түспеуіне орай сынып жетекшілері жұмыс жасап, барлық мектеп түлектерінің оқып жатқан оқу орындарына анықтама қағаздары жиналып, тапсырылды.

Мектеп мақтаныштары стендісіне әр тоқсан нәтижелері бойынша озат оқитын оқушылар фотоға түсіріліп, арнайы стендке ілінді.

Психологиялық қызмет

Мектептің психологиялық қызметі өз іс-әрекетін ұйымдастыруда келесі нормативті құжаттарға сүйенеді: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, Бала құқығы туралы Халықаралық Конвенция, Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс, 20.12.2011 ж. Қазақстан Республикасының білім беру министрімен бекітілген №528 «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» және 26.02.2015 жылғы Павлодар облысының әкімдігінің қаулысымен бекітілген №56/2 «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары».

Психологиялық қызметтің міндеті: Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісінің қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету..

Оқу-тәрбие үдерісін сүйемелдеуді Асаинова Жұлдыз Сериковна жүргізді.

Психологиялық қызметтің диагностика бағыты

Жұмыс мінез-құлығының іс-әрекетін, коммуникативті және оқу салаларында дамытуды қажет ететін оқушыларды анықтауға бағытталған.

Мектепке оқуға психологиялық дайындығын анықтау – функционалдық дамуы және ерікті іс-қимыл жасай алуы (тыңдай, түсіну, үлкеннің нұсқауларын нақты орындай, ережеге сай іс-әрекет жасай, үлгіні қолдана білу).

Психологиялық диагностика нәтижелері бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізіледі.

Психологиялық кеңес беру білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен өткізіледі: оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен. Сұраныспен келген ересектер мен балаларға нақты көмек көрсетіледі, себептердің табиғатын түсіну, қиыншылықтар, жеке ерекшеліктеріне байланысты психологиялық проблемаларды талдау мен шешу, отбасындағы, мектептегі қарым-қатынас жайлы, жаңа ұстанымдарды қалыптастыруда және өз шешімдерін қабылдауда көмек көрсетіледі.

Тәлімгерлік қызмет.

Білім алушылар үшін өзін-өзі басқару – ол бос уақытын тиімді және үнемді пайдалану, құқығын және мүддесін қорғау, жаңа бастамаларына қолдау мен дамытудағы көмек. Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту үнемі әлеуметтік жауаптылықты кеңейтуді, өмірінде кездесетін мәселелерді шешуге көмектеседі. Сол себепті, мектепте «Жас ұлан» жастар мен жасөспірімдер ұйымы құрылып, жұмыс жасайды. Ұйымның көшбасшылары 8-10 сыныптар арасында оқуда үздік, қоғамдық жұмыстарға белсенді әрі жоғары жауапкершілікпен қарайтын оқушылар. Олар мектепте өтетін зияткерлік, тәрбиелік бағыттағы түрлі сайыстар мен қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтуіне ықпалдасады. Бұл жұмысты жыл бойы атқарған мектептің аға тәлімгері Сая Габиденовна.

Барлық атқарылған шаралар мектеп сайтында және әлеуметтік парақшаларында орналастырылып отырды.

Жалпы тәрбие жүйесі бойынша атқарылағн іс-шаралар тиімді болып, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Дегенмен, талдау барысында келесі оқу жылында жасалатын жұмыстар, шешілетін проблемалар да анықталды.

2018-2019 оқы жылындаға өткізілген тәрбие жұмыстарын талдай келе, 2019-2020 оқу жылына келесідей ұсыныстар беріледі:

1. 2020-2021 оқу жылының тәрбие жоспарына Назарбаев Зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесіндегі «Ауылдағы бір күн» және «Ата-анамның жұмысындағы бір күн» жаңа жобаларды қосу.
2. «Шаңырақтар», «Патриоттық әндер», «Кітаппен сырласу», «Рейтинг», «Ақпараттық жиындар», «Флешмоб» жобаларын жалғастыру.
3. Мектептің өзін – өзі басқару ұйымының жұмысын арттыру.
4. Психологиялық-педагогикалық ағарту және оқу-тәрбие үдерісін сүйемелдеу бойынша мұғалімдер мен ата-аналардың біріккен жұмысын семинарлар, тренингтар және т.с. жұмыстар арқылы белсендету.
5. Тәрбие бағытындағы ақылы курстар жұмысын арттыру.
6. «Даму картасы» жобасы бойынша жұмыстарды арттыру.
7. Кәсіптік бейімделу бойынша жоғары сынып оқушыларымен жұмысты, олардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және бейімдерін анықтай отыра белсендету (психологиялық зерттеулер жүргізу, НУ түсуді жетелеу).
8. «Туған ел», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобалары бойынша жұмыстарды арттыру.
9. Оқушылардың ақпараттық сауаттылықтары бойынша жұмыстарды арттыру.

2019-2020 оқу жылында ыстық тамақты ұйымдастыру

Мақсаты: Аз қамсыздандырылған отбасы балаларына үкімет, ұжым тарапынан әрдайым қолдау көрсету.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 31 бап 2 тармақ 7) тармақшасын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31- бап 14,19-тармақтарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 31.12.2015 жылғы №717 бұйрығына 1-қосымша «орта білім беру ұйымдарына білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру» қағидаларын басшылыққа, ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан

білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.03.2012 жылғы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулыларын басшылыққа ала отырып, ақысыз ыстық тамақпен қамтамасыздандырылатын оқушылардың тізімі жасалынып ,бекітілді.

Мектеп асханасында ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылып, асхана жұмысын бақылау жауапкершілігі жүктелген мектеп қызметкері бұйрықпен тағайындалды.

Білім мекемелеріндегі аз қамтылған отбасы балаларының қатарына жататын оқушыларды анықтау ережелері

Қазақстан республикасы Үкіметінің 08.04.2000 ж. №537 « Кедейлік шегін анықтаудың тәртібі туралы»қаулысына, Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 25.05.2000ж. №121 бұйрығына сүйене отырып жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан нысанды киім,ыстық тамақпен көмек алуға құқығы бар оқушылар 2019 жылдың I-тоқсанында төменде көрсетілген мәлімет бойынша анықталады: -күнкөріс деңгейі- жанұяда табыс адам басына шаққанда 29698теңгеден;

-кедейлік шегі (жанұяда кіріс адам басына шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болса) -10880 теңгеден болған жағдайда.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан көмек алуға құқығы бар оқушылар:

- 1.Интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;
- 2.Жетім балалар,ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектер;
- 3.Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларының балалары;
- 4.Көп балалы отбасыларының балалары;
- 5.Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларының балалары;
- 6.Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы жалпы орта білім беру бағдармалары бойынша емдеу ұйымдарында білім алатын балалар.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан көмек алуға құқығы бар оқушыларды анықтау үшін керекті құжаттар:

-еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығынан отбасының аз қамтамасыздандырылған жанұя ретінде есепте тұрғаны туралы анықтама;

-еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығында аз қамтамасыздандырылған жанұя ретінде есепте тұрмаған жағдайда отбасының жағдайын зерттеп , акті жасап, табысын адам басына шағып есептеу қажет.

Аз қамсыздандырылған отбасынан шыққан 5-11 сыныптардан 24 оқушы қамтылып отыр.

Ақысыз ыстық тамақпен (аз қамтылған, көп балалы, жетім) қамтамасыздандырылатын оқушылардың тізімі жасалып, төмендегідей құжаттары жинақталған.

1. Өтініш
2. Өтініш иесінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар тарапынан ұсынылатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тұтынушылар қатарына жататынын растайтын анықтама
3. Табысы туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастырушы тұлғалардың еңбекақылары, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түскен табыстары, балаларға төленетін алимент түріндегі және қарауындағы басқа да адамдардың табыстары).
4. Отбасыларда тәрбиеленіп жатқан жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қорғаншылықта (қамқоршылықта), патронаттық тәрбиеде екендігін растайтын уәкілетті органның шешімі.
5. Материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі.

Аз қамтылған, көп балалы, жетім отбасынан шыққан оқушылар ақысыз ыстық тамақпен қамтылған. Нормативтік құжаттардың жүргізілуі, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы , қоңырау кезінде оқушылардың асханада тамақ ішу кестесі және мектеп мұғалімдерінен кезекшілік құрылған, күнделікті мектептің әлеуметтік педагогі С.Гарифуллинаның тарапынан қадағалануда.

Асханадағы бөлмелер мен құрал жабдықтардың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай санитарлық жағдайда болуын , мектеп асханасының көрінетін жерінде дұрыс тамақтану бұрышын ұйымдастыру, ата-ана үшін «Бақылау асын қою», қолданып жүрген заңдылықтарға сәйкес сапалы әрі қауіпсіз азықтармен асхананың қамтамасыз етілуі, оқушылардың тамақтану улануының алдын алу мақсатында асханада пастерленбеген сүтті, газдалған сусындарды, тез дайындалатын тамақты (гамбургерлер, хот-дог, фаст-фуд тағамдары, чипси, кириешки, қуырылған жұмыртқа, бәліш) құрамында гинетикалық түрлендірілген индигredientтері бар өнімдерді бар қолдануға тиым салынуын мектеп медбиесі Г.Кошкеева қадағалап отырады.

2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрықтың 14-қосымшасында «Жалпы білім беретін мектептердегі

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мына төмендегі санаттар бойынша анықталады.

- 1). Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар
- 2). Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар
- 3). Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларда тұратын балалар
- 4). Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар
- 5). Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын (жұмысыз, ешқандай көмек алмайтын) отбасылардан шыққан балалар жалпы оқыту қорынан берілетін бір мезгіл ақысыз ыстық тамақпен, қыстық киіммен, кітаппен қамтылады.

2019 жылдың қыркүйегінде өткізілген өндірістік жиналыстың шешімімен аз қамтылған отбасынан шыққан балалар жалпы оқыту қорынан берілетін бір мезгіл ақысыз ыстық тамақпен қамтылсын.

№ Оқушының аты-жөні сыныбы

- 1 Амангелді Аружан 5 «Г»
- 2 Тасболат Ырысты 5 «Г»
- 3 Марданов Динмухамед 5«М»
- 4 Амангелді Камила 6 «М»
- 5 Армиш Данияр 6 «М»
- 6 Урумбаева Гаухар 6 «Г»
- 7 Армиш Мадияр 7 «М»
- 8 Абигерова Дамеля 7 «Г»
- 9 Марданова Аяжан 7 «М»
- 10 Омаров Данияр 8 «Г»
- 11 Тельман Айғаным 8 «Г»
- 12 Балтабек Аяжан 8 «М»
- 13 Молшина Алнур 8«М»
- 14 Белекей Айша 9«Д»
- 15 Ақан Мерей 9«Г»
- 16 Ерттысбай Назерке 9 «Г»
- 17 Тельман Айдана 9«Г»
- 18 Ақан Жамиля 10«М»
- 19 Исамбаева Тамила 10«М»
- 20 Олжатай Әділ 10«М»
- 21 Асаинова Ақбота 11«М»
- 22 Болатова Анель 11 «М»
- 23 Садыкова Назерке 11«М»
- 24 Үшкірбек Дастан 11«М»

Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау әлеуметтік педагог С.Гарифуллинаға, бақылауды директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.С.Кайдароваға жүктелінді.

Шешімге ұсыныс:

Өндірістік жиналыстың шешімімен 5-11 сыныптардан 24оқушы жалпы оқыту қорынан берілетін бір мезгіл ақысыз ыстық тамақмен қамтылсын.

Оқу тәрбиелік процесстегі психологиялық жетекшілік мониторингі

Мектептегі психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатындағы міндет – педагогикалық ұжымды, оқушыларды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, бүкіл педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады. «Бұлақ көрсең көзін аш!» бағытында дарынды және талантты оқушылармен диагностикалық іс-әрекеттер ұйымдастыру.

Оқушылармен жұмыс

Оқушының мектепке қалыптасуы,
Үлгермеушілермен жұмыс,
Оқушылармен қарым-қатынасы,
Ата-анасымен қарым-қатынасы,
Мұғалімдермен қарым-қатынасы,
Баланың қиын кезеңдерімен жұмыс,
Дарынды баламен жұмыс,
Тәртібі нашар балалар,
Сынып ұжымындағы психологиялық ахуал,
Кәсіби бағдарлау жұмысы.

Мұғалімдермен жұмыс

Әкімшілікке әлеуметтік-психологиялық көмек:
Тұлғаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау,
Жайлы психологиялық микроахуал қалыптастыруға,
Тиімді басқару стилін қалыптастыруға,
Педагогикалық ұжымды зерттеуге,
Өндірістік кикілжіңдерді шешуге.

Ата-аналармен жұмыс

Жанұялық тәрбие стилін анықтау,
Ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктерін айқындау,
Олардың балаға қарым-қатынасын зерттеу,
Психологиялық ағарту және профилактика (дәріс, әңгіме, әдебиеттер ұсыну),
Түзету және дамыту жұмыстарына қатыстыру.

Қыркүйек айынан бастап оқушылар туралы жалпы мәліметтер жинақталды. Жалпы оқушылардың әлеуметтік жағдайлары, оның ішінде көпбалалы және толық емес отбасылары анықталды. Әрбір сыныптар, әрбір оқушыға арналып психологиялық- әлеуметтік жағдайы туралы карта жасалынды.

Психодиагностикалық бағыт бойынша төмендегі зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Жаңа оқу жылында біздің жұмысымыз оқушылардың өзін-өзі бағалауы, есте сақтау қабілеті мен ойлау деңгейлерін анықтау, дарындылықты айқындау мақсатында әдістемелер алынып, қортыныдысы жасалды.

Қабылданған 5-сынып оқушылары ерекше бақылауға алынды. 5-сынып оқушыларының жағдайларын бейімделушіліктері, денсаулық жағдайлары, оқу үлгерімдері туралы мәліметтерді

талқыланып, қажетті шешімдер қабылдау үшін толық жеткізу мақсатында 5-сынып оқушыларымен пән мұғалімдеріне пед.консилиум ұйымдастырылды. Онда жалпы сыныптарға мәлімет беріліп, психологиялық зерттеу қорытындыларымен таныстырылды.

Сонымен қатар, 5-сыныптардан диагностикалау жұмыстары:

1. Оқушылардың әлеуметтік картасы,

2. Қызығушылығы,

3. Айзенктің логикалық ойлауға арналған әдістемесі,

4. Оқу мотивациясы,

5. Мектепке қарым-қатынасы,

6. Голомшток әдістемесі бойынша қызығушылығын, қабілетін айқындау,

6. Федоренконың сыныптағы климатты зерттеу әдістемесілері бойынша алынған тесттер мен сауалнамалар алынды. Нәтижелері бойынша талдау мен анықтамалар жасалды.

Оқушыларының жаңа буынға бейімдеулерін, қалыптасу деңгейлерін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалынып, көмек көрсетілді. Педагогикалық консилиумда сынып жетекшілері өз сыныптары туралы толық мағлұматтар берді. Айтылған мәліметтерге сүйене отырып, шешім қабылданды. 5- сынып оқушыларын зерттеуде өзін-өзі бағалау, темперамент типтері, социометрия, Айзенк әдістемесі бойынша, Басса-Дарки қобалжуды анықтау сауалнамасы, оқу мотивациясы, мазасыздану деңгейлері, ой-қисынды анықтауға арналған әдістемелер алынды. Оқушылардың 5-сыныпқа бейімделуіндегі сәтсіздіктерді алдын алу мақсатында «Мен бесінші сынып оқушысымын», т.б тренинг жаттығулары ұйымдастырылды. Сонымен қатар есте сақтау және ойлау қабілеттері, өзін-өзі бағалау әдістемелері алынды.

Қорыта келгенде оқушылардың оқу процесін адаптациялау барысында, бесінші сыныптардың оқу процесі жақсы екендігі анықталды.

Оқушылардың кәсіби бағыттылығын анықтау барысында мамандықты таңдауға дайындығын анықтау тесті, кәсіби бағытын анықтайтын А.Е Климов әдістемесі, оқушылардың бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Дж. Тейлор әдістемесі алынды. Алынған әдістемелердің қорытындысы шығарылып, педагогикалық консилиумда талқыланды.

Сонымен қатар:

5-6 сынып аралығында оқушылардың логикалық ойлауын анықтау бойынша Айзенк тесті;

6-11 сынып аралығында Йовайши әдістемесі (Резапкина) бойынша оқушылардың кәсіби бағыты анықталды;

7-сыныптарда оқушылардың логикалық ойлауын анықтау бойынша Айзенк тесті;

8-сыныптарды оқушылардың қабілеттілігін зерттеу, ойлауды зерттеуге арналған сауалнама;

8-9 сыныптарда оқушылардың математикалық ойлауын анықтау бойынша Айзенктің сандық субтесті алынды;

5-7 және 8-11 сынып аралығында Голомшток әдісі бойынша тұлғаның қызығушылығын, қабілетін айқындау тесті;

8-11 сынып аралығында : оқушылардың үрей, фрустрация, агрессия, бейімділігін зерттеу бойынша Айзенктің өзін-өзі бағалау тесттері алынды.

Мектеп психологтарының жетістіктері:

1. Карантин кезінде психологиялық көмек көрсету бойынша вебинар. ZOOM онлайн платформасы
2. «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» курстары, сертификат

Оқушылардың мазасыздану, қобалжу деңгейлерін анықтау мақсатында әдістемелер алынды.

Түзету және кеңес беру бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар

Жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау өзекті мәселе болғандықтан, көп жұмыс жасауды қажет етеді. 5-11 сынып оқушыларының мазасыздану деңгейлерін, мінез-құлық ерекшеліктерін анықталды.

Суицидтік мінез-құлықты алдын алу мақсатында бір жылға арналған жеке жоспар құрылды. Ата-аналар және мұғалімдерге арналған жиналыстарды «Суицидтің алдын алу және компьютерге тәуелділік» атты баяндама оқылып, кеңестер берілді, слайдтар көрсетілді, жадынамалар таратылды. «Менің өмірім әрқилы» әңгіме-сұхбат 5-11-сыныптар арасында, «Адами қарым-қатынас жасау ізгіліктері» тренинг 7-8 сыныптар арасында, «Өмірдің мәні неде?» 5-10 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Оқушылардың толғандырған мәселелерін шешу мақсатында мектепте «Сенім жәшігі» жұмыс жасайды. Онда түскен хаттар комиссия құрамымен шешіледі.

Оқушыларды ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдан дайындау барысында жеке жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, «ҰБТ-ға дайындығымыз қандай?» сауалнама алынды, сонымен қатар «Менің қандай жетістікке жеткім келеді» жаттығуы өткізілді.

Мектептің денсаулық сақтау кеңістігінде жайлы психологиялық ахуал тудырудың бір жолы – психотүзету және дамыту жұмыстарын жүргізу. Басты нысаналардың бірі педагогикалық үрдістегі қатысушыларға мәселелерді шешуге бағыт беру. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған оқушылардың бейімделуі, оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласы, үлгерімі, тіпті өмірге деген құлшынысы төмендеген сәтте психологиялық көмек жұмыстары қарастырылады

«Жасөспірімдердің физиологиялық және психологиялық дамуы туралы» мәлімдеме өткізілді. Онда жасөспірімдерге кеңестер берілді, слайд көрсетілді.

ҰБТ тапсырудағы негізгі қиындықтар оқушылардың емтихан жағдаятын қабылдау ерекшелігіне, өзін-өзі бақылаудың жеткіліксіз дамуына және стресске қарсы тұруының төмендігі мен өзін-өзі реттеудің жеткіліксіздігіне байланысты. Бұл қиындықтарды жеңу үшін психологиялық ойындар, сергіту жаттығулары, түрлі әдістемелер, оқушылардағы үрей мен алаңдаушылықты түзету мақсатында ойын-әңгімелері өткізілді.

Мектебіміздің түлегі болатын 11 сынып оқушыларына ҰБТ-ға байланысты «Талапкерге құлақ-қағыс» дәрісі өткізілді. Мұнда «мамандық таңдағанда неге көңіл бөлу керек?, Қазіргі кезде қандай мамандық мәртебелі?, Бейіміне қарай мамандық таңдау қажет, мамандық таңдаудағы қателіктер» деген тақырыпшалар төңірегінде ақпарат алмасу жүргізіліді.

ҰБТ байланысты 11 сынып оқушыларының бағыт бағдарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, анықтамасы берілді. Сонымен қатар, келесі кездесулерде оқушылардың мамандық таңдауына байланысты Голланд тесті жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың ҰБТ бойынша таңдаған төртінші пәндері бейімділіктеріне сәйкес келетіндігі анықталып, анықтамасы берілді. Оқушыларға сабақ үдерісінде психологиялық жағымды қолдау көрсетіп отыру ұсынылды.

ҰБТ – ға дайындалуға байланысты бірқатар кеңестер беріліп, оқушылардың бойында сенімділігін арттыру мақсатында «импульс» жаттығуы жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың бір-біріне және өзіне деген сенімділігі оянып батылдылық пайда бола бастады.

Оқушылар арасында әр түрлі тақырыптарда сауалнамалар жүргізіліп тұрды. 5-11-сыныптар арасында әлеуметтік педагог және мектеп инспекторымен бірлесіп, «Мен және бопсалау», «Мен және зиянды әдеттер, 9 және 11- сыныптарда «Қай оқуға барасың?». Алынған сауалнамаларға қорытынды жасалып, сынып жетекшілеріне ұсынылды. 5-10-сыныптар арасында оқушылардың сыныптағы өзара қарым-қатынасы және жеке тұлғаға арналған мінез-құлық қасиеттері жөнінде мәліметтер беріліп әңгімелер жүргізіліп, талқыланды.

Одан басқа,

Жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау өзекті мәселе болғандықтан, көп жұмыс жасауды қажет етеді. Суицидтік мінез-құлықты алдын алу мақсатында бір жылға арналған жоспар және превенция бойынша құрылады. Осы бағдарлама бойынша 8-10 сыныптар арасында «Өмірдің мәні неде?», «Сені не нәрсе толғандырады?» «Сен қандай адамсың?» «Мұғалім мен оқушы», «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамалар алынса, 5-7-сыныптар арасында «Қарым-қатынас шеберлігі», 7-8-сыныптарда «Өзің таңдаған өмір», 6-7 сыныптар арасында «Адамдар не үшін ұрысады?», 6-11 сыныптарда «Мен, өмірді қалай түсінемін?», 5 сыныптар арасында «Мен және менің қайталанбайтын бейнемін» және т.б тренинг- жаттығулар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар ата-аналарға суицид туралы түсінік беру үшін «Суицид қайдан шығады?» баяндама оқылды. Баяндамада ата-аналар мәліметтер мен кеңестер алды. Оқушылардың толғандырған мәселелерін шешу мақсатында мектепте «Сенім жәшігі» жұмыс жасайды. Онда түскен хаттар комиссия құрамымен шешіледі.

Орта буын оқушыларының сыныптағы көңіл-күйлерін анықтау мен сергіту мақсатында түрлі жаттығулар жүргізіп отырылды. Олармен тікелей неге қызығушылықтары бар екендігі, мектепте тағы қандай қосымша іс-шаралар өткендігін қалайтындығы туралы сауал-сұрақтар қойылды нәтижесі шығарылып, пікір алмасулар жүргізілді.

Қазан айында ұжымдағы жас мамандардың бейімділігін анықтау мақсатында тренинг өтті. Мұнда түрлі сұрақтар қойылып «ашық хат» әдістемесі жүргізілді. Жас мамандардың жұмысындағы қиындықты анықтауға арналған диагностикалық сауал-сұрақ әдістемесі алынып, тренинг нәтижесімен біріктіре отырып анықтамасы берілді.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша психологиялық бағытта мынадай жұмыстар жүргізілді.

5-6 сыныптарға «Достығымыз жарасқан», 7-8 сыныптарда «Мен кермет тұлғамын», 7-10 сыныптарында «Жасөспірімдердің физиологиялық және психологиялық дамуы» тақырыптарында әңгіме сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар жыл бойы басқада тренингтер өткізілді. Емтихан кезіндегі қобалжуды түсіруге арналған балалармен жаттығулар жүргізілді.

Оқушылардың агрессивті күйін қауіпсіздендіру, баланың бойындағы агрессивті мінездің ғылыми тұжырымдамасымен танысу, түрлерін талқылау, проблемалық сұрақтарды ортаға салып талқылау, баланың жағымды “Мен” бейнесін қалыптастыру, психокоррекциялық жұмыстар арқылы баланың сенімділігін арттыру мақсатында оқушыларға арналған түрлі тренингтер өткізілді.

Өзін-өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны т.б. бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Оқушыны сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды. Адамның өзін-өзі төмен бағалауы мінез-құлықта күмәнданушылық, қызғану, іштарлық, көңілсіздік, ешкімге жоламау сияқты сипаттар арқылы көріністер табады. Осыған, байланысты түрлі әңгіме-кеңесер, тренингтер, сабақтар өткізілді.

ІІІ-тоқсан кезеңінде 2019-2020 оқу жылының жоспарына сай жұмыстар орындалды. Сонымен қатар, олимпиадаға қатысушылармен сенімділіктерін көтеру, үрейден арылу, өз көштеріне сеніммен қарау тақырыптары бойынша апта сайын сәрсебі күндері тренингтер өткізіліп отырды.

5-11 сынып аралығында оқушылардың қобалжу деңгейін төмендетуге арналған тренингтер өткізілді. 5-6 сынып оқушыларында дарындылықты, 8-10 сынып аралығында интеллект типін, қабылдау типін, ойлау түрін анықтау тестері мен сауалнамалар алынды. 9-сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізілді.

9,11 сынып оқушыларына емтихан кезінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету тренингісі өткізілді.

5 «г» сынып жектекшісінің өтініші бойынша сыныппен «Достық» тақырыбана байланысты ұжымдықты нығайту тернингісі өткізілді.

Жеке әңгімеге 5 «г», 6 «д», 7 «г», «м», 10 «м» сынып оқушылары шақырылды.

Мамыр айында «Карантин кезінде психологиялық көмек көрсету» бойынша ZOOM онлайн платформасында вебинар өткізілді. Вебинарда ТЖ және каратин кезінде оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге психологиялық сүйемелдеу, қолдау, әңгіме-кеңес бойынша қалай іске асыруға болтыны жайлы ақпараттар берілді.

Жылды қорытындылай келе, биылғы жылы оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге тағыда кең көлемде психологиялық қолдаулар көрсетіліп, кеңестер беріліп, жақсы жетістіктерге жеттік деп ойлаймыз.

Жыл көлемінде оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде кездесетін проблемалар:

1. Кейбір тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер уақытылы өткізуге мүмкіндік болмай қалды.
2. Мұғалімдердің бала психологиясына зейін қойып, қадағалауларының аздығы.

Келесі 2020-2021 оқу жылына қойылатын ұсыныстар:

1. Дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерінің сапасын көтеру;
2. Ата-аналардың бала біліміне дұрыс көзқарас жасауын талап етіп, қызығушылығын кеңейтіп, мұғаліммен тығыз байланыста жұмыс жасауын қамтамасыз ету.
3. Мұғалімдермен психологиялық жұмыстарды жиі өткізу.

**Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебі
кітапханасының есебі 2019-2020 оқу жылы**

Кітапхана - дүниеде ештеңе теңестірмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап - білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор.

Кітапхана жұмысының жылдық жоспар бойынша өткізілген әр түрлі іс-шаралар мен көрмелер үнемі өзгертіліп, қалыпты түрде жүргізілді. Кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі: оқырмандарды босатуды ұйымдастыру, кітап қорының қалыптасуы, оқырмандармен жұмыс, оқулықтармен жұмыс, оқушыларға әрт түрлі сайыстарға, ғылыми жобаларға қатысуына, олимпиадаға керекті материалдармен көмек көрсету, жалпы оқырмандарды кітап оқуға бағыттау болғандықтан, кітапханадағы кітапхана қорымен жұмыс атқарылды, атап айтқанда оқырмандардың кітапшалары жаңартылып, жаңадан келген оқушыларды кітапханаға тіркеу жүргізіледі. Оқушылармен оқулықтарды күтіп ұстау туралы сынып жетекшілерімен әңгіме жүргізіліп отырылады.

Мектеп кітапханасының қоры жылдан жылға өсуде, әр пән бойынша электрондық оқулықтар, сонымен қатар көркем әдебиеттерде толықтырылуда.

Жалпы мектеп кітапханасының қоры

Мәлімет	2019-2020 оқу жылы
Кітапханадағы барлық кітаптар қоры	31605
Оның ішінде қазақ тілінде	18744
Оқулықтар саны	20142
Жаңадан келген оқулықтар саны	2604
Барлық көркем әдебиет саны	5600
Оның ішінде орыс тілінде	740
Басқа тілде	68
Келіп түскен әдебиеттер	-
электрондық оқулықтар	420

